



**ӨСУ КАПИТАЛЫ:
ӨНІРДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ**
3-БЕТ

«Атамекен» өнер ордасында инвестициялық форумда жылына 100 мың тонна қоқыс өңдейтін зауыт салу, газтурбиналық электр стансасының құрылысы, «Еуразия» логистикалық хабын құру, фармацевтикалық препараттар шығару сияқты оңтүстік корейлік, қытайлық және ресейлік компаниялардың қатысы бар ірі жобалар талқыланды.

ЖЕҢІС-81



**МӘНШҮК ІЗІМЕН...
ЕРЛІК ШЕЖІРЕСІ**

6-7-БЕТ

Майдан даласында көпұлтты кеңестік жауынгерлер қатарында қазақ қыздары да ұшқыш, танкі жүргізуші, пулеметші, мерген, барлаушы, байланысшы секілді мамандықтарды меңгеріп, оған қоса дәрігер, аспаз, кір жуушы, хат тасушы болып еңбек еткен...

ЕСТЕЛІК



**МЕН – МАЙДАНГЕРДІҢ
ҰРПАҒЫМЫН**

10-11-БЕТ

«Отан-Ана шақырады!» ұранымен жасы жетіп тұрған жеткіншектер қолдарына қару алып, Отан қорғауға өз еріктерімен майданға аттанды.



Жел электр стансасының құрылысы басталды

Облыс орталығында тұңғыш рет жел электр стансасының құрылысы басталды. Орал қаласы маңындағы Желтау аумағында қуаттылығы 50 МВт болатын, жел екпінімен қуат өндіретін алты алып бағана тұрғызылмақ.

Сәрсенбі күні құрылыс жобасының аумағында салтанатты іс-шара өтіп, уақыт капсуласы орнатылды. Аталмыш жиынға облыс әкімі Нариман Төреғалиев, жоба инвесторы «Green Energy Industrial Company Central Asia» ЖШС-ның бас директоры Гао Венко және салаға жауапты мамандар қатысты. Алдымен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының бас-

шысы Бейімбет Мусин жаңа станса жөнінде ақпарат берді. – Бүгінде облысымызда бес энергия стансасы жұмыс істейді. Оның жалпы қуаты 399 МВт құрайды. Соңғы үш жылдағы сараптамаға сәйкес, өңірдегі электр тоғын тұтыну 22,7 млн кВт/сағатқа (+1,04%) өссе, ал электр энергиясын өндіру 22,0 млн кВт/сағатқа (+1,03%) артқан. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономика және

энергетика салаларын дамыту жөнінде тапсырмасы бар. Яғни Қазақстандағы жаңартылған энергияны 50 пайызға дейін жеткізіп, біртіндеп жасыл энергияға көшу. Осыған орай, өткен жылы жел электр стансасын салу үшін 140 гектар жер телімі белгіленді. Содан кейін ҚР Энергетика министрлігі аукцион өткізіп, нәтижесінде «Green Energy Industrial Company Central Asia» компаниясы лайық деп танылды. 2025 жылдың шілде айында Желтау аумағында ұзындығы 140 метр болатын жел күшін есептегіш жеті құрылғы орнатылды. Оның барлығы дерлік оң нәтиже берді. 100 метрден жоғары тұста желдің қуаты 7,7 м/с екені анықталды.

(Жалғасы 4-бетте)

ORAL ÓNİRİ

№38 (21535)

Жұма,

8 мамыр 2026 жыл

*Қадірлі
Жайық жұрты!*



МАМЫР

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен және 9 мамыр – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Отансүйгіштік пен ерлік даңқын дәріптейтін екі мереке бір-бірімен үндес. Отанымыздың Қарулы күштеріне құрметпен қарау, Отан үшін от кешкен батыр бабалардың рухына тағзым ету – әрбір отандасымыздың міндеті.

Міне, Жеңістің сексен бірінші көктемін қарсылап отырмыз. Сұрапыл соғыстың салқынын сезінбеген әулет жоқ. Отан үшін от кешкен қаһармандардың ерлігі ұмытылмауы тиіс. Жеңіс үшін күрескен жерлестеріміз де майдан даласында асқан қаһармандық танытып, тылда тынымсыз еңбектің үлгісін көрсетті. Мұның барлығы – батыр буын жүріп өткен ортақ жол. Бұл – тарих толқыны шайып кете алмайтын замана шындығы. Тәуелсіздігімізді ту еткен қазіргі дәуірде де тарихқа құрметпен қарау, ардагерлерімізді ардақтау – қай-қайсымыздың да қасиетті борышымыз.

Айбынды әскер – ел қорғаны. Бүгінде бабалардың даңқты жолын Қазақстанның қарулы күштері қатарындағы сарбаз-сардарлар жалғастыруда. Әскери борышты өтеу – ер жігіт үшін Отан алдындағы перзенттік парыз. Біздің сарбаздар ел тыныштығын күзетіп қана қоймай, төтенше жағдай кезінде де алғы шептен табылып, халыққа қалтқысыз қызмет етуде. Қорғанысты нығайту, әскери қызметшілер мен олардың отбасыларына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың басым бағыты бола бермек.

Қадірменді ардагерлер, Отан қорғаушылар!

Баршаңызға мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке және ашық аспан тілеймін. Алдағы уақытта да күніміз шуақты, әскеріміз қуатты болғай!

Игі тілекпен:

**Батыс Қазақстан
облысының әкімі**

Нариман ТӨРЕҒАЛИЕВ





Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

М.К. Мәденовке «Халық Қаһарманы» атағын беру туралы

2026 жылғы

06 мамыр

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен бағындығы үшін Ұлы Отан соғысына қатысушы Кенжебай Мәденұлы Мәденовке (марқұм) «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік бел-

гісі - Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 5 мамыр
№1265

Майдангер Мәденов мәңгі есте

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен майдангер Кенжебай Мәденовке «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Соған сәйкес Алтын жұлдыз белгісі мен «Отан» орденінің иегері атанды.



Батырдың туған жері - Батыс Қазақстан облысы Ақтайсай ауылы.

1942 жылы Қаратөбе ауданында есепші ретінде еңбек еткен. Бір жылдан кейін әскер қатарына алынды. Жауынгер жорық жолында үшінші Украина мен бірінші Беларусь майдан даласын көктей өтті. Ауыр ұрыстарда екі рет жарақат алды.

Жаужүрек ер пулеметшілер бөлімін басқарды, одан кейін атқыштар бөлімінің командирі болды. Лейтенанттың даңқты жолының Рейхстаг пен ратуша үйін талқандауға тікелей қатысы бар. «Берлин» операциясы кезінде қиян-кескі шайқаста жет шешімі мен стратегиялық тәсілін қапысыз жүзеге асыра білді.

Ресми деректер бойынша 1945 жылдың 29 сәуірі күні ратушаға бірінші Беларусь майданы құрамындағы 5-екпінді армияның 266-атқыштар дивизиясының сапында семсердей жарқ еткен Мәденов взводы алғаш болып басып кірді. Командир ерлігі жө-

нінде Кеңес одағының маршалы Г. Жуков, әскери тарихшы П. Белан, орыс жазушылары М. Мержанов, Ф. Боков, неміс қаламгерлері К. Похе мен Г. Олиган, қазақ жазушысы Ф. Сланов еңбектерінде жазылған.

Сайыпқыран сардар Кенжебай Мәденұлы екі мәрте Қызыл жұлдыз орденімен, Ұлы Отан соғысының 2-дәрежелі орденімен марапатталды. Соғыстан кейін мемлекеттік қауіпсіздік саласында қызмет етті. Берлин ратушасына ту тіккен қазақ 1974 жылы 26 желтоқсанда Атырау қаласында қайтыс болды.

Нұртай АЛТАЙҰЛЫ,
«Орал өңірі»

Ел рухын асқақтатқан мереке

6 мамыр күні «Атамекен» өнер ордасында Отан қорғаушылар күніне арналған «Жасай бер, ұлы Отан!» атты салтанатты іс-шара өтті. Елдік пен ерлікті ұлықтаған мерекелік іс-шара мемлекеттік рәміздерге тағзым етуден басталды.

Гүлжамал ЖОЛДЫҒАЛИ,
«Орал өңірі»

Салтанатты жиында сөз алған облыс әкімі Нариман Төреғалиев барша жұртшылықты мерекелен құттықтап, Отан қорғау - әр азаматтың қасиетті парызы екенін атап өтті.

- Мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев күштік құрылымдармен кездесуде «Біз бейбіт мемлекетпіз. Барлық елмен достық қатынас орнаттық. Даулы мәселенің бәрін саяси диалог арқылы шешу керек деп санаймыз. Мен бұл Қазақстанның мызғымас ұстанымы екенін үнемі айтып жүрмін. Дегенмен қамсыз отыруға болмайды. Армиямыз кез келген сәтте өз міндетін орындауға сақадай сай тұруға тиіс» деп, қорғаныс қабілетін күшейтудің маңызын ерекше атап өтті. Мемлекет қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етуде, қорғаныс өнеркәсібін дамытуда облысымыз да қомақты үлес қосып келеді. Бір ғана мысал, атаулы күн қарсаңында Президент тапсырмасы бойынша ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы негізінде құрастырылған, салмағы 720 тонна, ұзындығы 51 метр, ені 9,5 метр болатын көпфункционалды «Д. Қо-



наев» кемесін суға түсірдік. Егемен ел тарихындағы ең ірі кеме - жергілікті «Зенит» зауыты жасап шығарған 37-інші су көлігі. Ол Ақтау айлағына жеткен соң сынақтан өтіп, кемелер мен катерлерді керек-жарақпен қамтамасыз ету міндетін атқарады. Осылайша еліміздің Әскери теңіз күштерінің әлеуеті арта түсті.

Қазіргі таңда өңірімізде Отан қорғаушылар қатарында әскери және құқық қорғау құрылымдарының қызметкерлері, құтқарушылар мен арнайы қызмет өкілдері абыроймен еңбек етуде. Олар күнделікті өз өмірін қауіпке тіге отырып, халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді. Бұл - үлкен ерлік пен жоғары жауапкершілікті талап ететін абыройлы міндет. Бүгінгі мереке - тек әскери қызметшілердің емес, елдің тыныштығы мен тұрақтылығына үлес қосып жүрген барша азаматтың мерекесі. Әрбір қазақстандық өз ісі-

не адал болып, заң мен тәртіпті сақтап, қоғам игілігі үшін еңбек еткенде ғана мемлекетіміз нығая түседі, - деді облыс әкімі өз құттықтауында.

Облыс басшысы сондай-ақ ардагерлерге құрмет көрсету, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілетінін жеткізді. Өңірде жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» бағдарламасы аясында мыңдаған жас қамтылып, әскери-патриоттық клубтар мен «Жас сарбаз» сыныптарының жұмысы жүйелі жалғасуда.

Мерекелік жиында еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын сақтауға үлес қосып жүрген бір топ құқық қорғау құрылымының қызметкерлері облыс әкімінің алғысхаттарына ие болды.

Салтанатты іс-шара Ф. Құрманғалиев атындағы облыстық академиялық филармониясының «Жасай бер, ұлы Отан!» атты концертіне ұласты.

Қысқа-нұсқа

БӨРЛІ



Қызылтал кітапханасында «Суреткер, жазушы - Қабдеш Жұмаділов» атты әдеби ринг өтті. Іс-шара Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері Қабдеш Жұмаділовтің 90 жылдығына және «Бір ел - бір кітап - 2026» республикалық акциясына орай ұйымдастырылды.

Әдеби кеште қаламгердің мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Тағдыр» романы мен «Дарабоз» роман-диологиясына, жазушының өмірі мен шығармашылығына шолу жасалды. Жазушының тарихи прозаны дамытуға және мәдени мұраны сақтауға қосқан зор үлесі атап өтіліп, кітап көрмесі таныстырылды.

ҚАРАТӨБЕ



Ф. Құрманғалиев атындағы аудандық мәдени-демалыс орталығында 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесіне, 9 мамыр - Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті.

Оған аудан әкімі Қадыржан Сүйеуғалиев қатысып, мерекелен құттықтады. Сондай-ақ ол мереке қарсаңында ауданның Ақтайсай ауылында дүниеге келген Ұлы Отан соғысына қатысушы Кенжебай Мәденовке Мемлекет басшысының Жарлығымен «Халық Қаһарманы» атағы берілгенін хабарлады.

Салтанатты іс-шарада қызметтік міндетін адал атқарғаны және жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін құқық қорғау құрылымдарының бірқатар қызметкері аудан әкімінің алғысхатымен марапатталды.

СЫРЫМ



Аудан әкімі Жұмагелді Батырғалиев Құспанкөл ауылына арнайы жұмыс сапарымен барды. Ол ескі мектеп ғимаратының қазіргі жағдайымен және жаңадан салынып жатқан мектеп құрылысының жай-күйімен танысты. Аудан басшысы құрылыстың сапасын, тиісті мерзімде аяқталуын және қауіпсіздік шараларын басты назарға алды. Жауапты мердігер мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Білім беру саласының инфрақұрылымын жақсарту басты басымдықтардың бірі екенін атап өткен аудан әкімі бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасатынын жеткізді.

ШЫҢҒЫРЛАУ



Аудандық мәдениет үйінде балалар музыка мектебінің «Өнер ордасына - 60 жыл» атты мерейтойлық концерті жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Атаулы іс-шараға аудан әкімі М. Өмірәлиев қатысып, ізгі тілегін жеткізді. Салтанатты жиында аудан әкімі балалар музыка мектебіне 10 домбыра табыстады. Бұл - ұлттық өнерді насихаттауға бағытталған игі бастамалардың бірі.

Іс-шара барысында сахна төріне ардагер ұстаздар шақырылып, оларға құрмет көрсетіліп, гүл шоқтары берілді. Кеш мазмұнды концерттік бағдарламамен жалғасып, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.



Оралдағы «Атамекен» өнер ордасында өткен инвестициялық форумға облыс әкімі Нариман Төреғалиев, ҚР Бас прокуратурасының Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет төрағасының орынбасары Азамат Дүйсембеков, Өнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары Мұхамед Андаков, облыс прокуроры Нұрбек Ұласбекұлы, өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Жәкібаев қатысты. Сондай-ақ мемлекеттік және құқықтық құрылымдардың өкілдері, жергілікті бизнес қауымдастығы және Корея, Қытай, Ресей сияқты елдерден келген отандық және шетелдік инвесторлар да болды.



тарында Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы бар. Сондай-ақ Сәтімолла кен орнында калий тыңайтқыштарын өндіруге бағытталған құны 1,5 трлн теңгені құрайтын ірі жоба жүзеге асырылуда. Бұдан бөлек, қуаттылығы 130 мың тонна болатын сұйық метан өндіру зауыты, цемент зауыты және екі газтурбиналық электр стансасын салу жоспарланған.

Форумда жылына 100 мың тонна қоқыс өңдейтін зауыт салу, газтурбиналық электр стансасының құрылысы, «Еуразия» логистикалық хабын құру, фармацевтикалық препараттар шығару сияқты оң-

Өсу капиталы: Өңірдің жаңа мүмкіндіктері

Гүлбаршын ДЫБЫСҚАЛИҚЫЗЫ,
«Орал өңірі»

Мәди САЛЫҚ

Іс-шара басында қатысушылар өңірдің жоғары технологиялық, өнеркәсіптік және инвестициялық әлеуетін таныстыратын көрмені тамашалады.

Форумды ашқан облыс прокуроры Нұрбек Ұласбекұлы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес прокуратура құрылымдары инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезінде инвесторларға жүйелі құқықтық қолдау көрсететінін атап өтті. Прокурорлардың инвесторлардың құқықтарын тиімді қорғауына мүмкіндік беру үшін Кәсіпкерлік және Азаматтық іс жүргізу, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстерге түзетулер енгізілді. Бұл түзетулер инвесторларға қарсы 13 тексерудің, 9 сот ісінің және жалпы шамасы 1 миллион теңгеден асатын 8 айыппұлдың жолын кесті. Прокурорлар тек Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілген жобаларды бақылайды.

Өңірде 99 инвестор осы платформада тіркелген. Бизнес өкілдерімен өзара тиімді қарым-қатынасты жеңілдету мақсатында «Мобильді прокурор» қосымшасы іске қосылған. Бұл арқылы инвесторлар мен кәсіпкерлер облыс прокурорымен тікелей байланысып, туындаған мәселелерін жедел шеше алады. Мысалы, өткен қаңтарда Сауда министрлігінің облыстық департаменті инвестордың сүт өнімдерін өндіруін тоқтата тұру және ұйымға айыппұл салу туралы бұйрық шығарған. Облыстық прокуратура бұл әрекеттерді заңсыз деп танып, оларды кері қайтарды. Компания өндіріс-



ті қайта бастады, ал департамент басшысы әкімшілік жауапкершілікке тартылды (Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 173-бабы бойынша). Сондықтан кәсіпкердің құқықтары қалпына келтірілді», - деді Нұрбек Ұласбекұлы.

ҚР Бас прокуратурасының Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет төрағасының орынбасары Азамат Дүйсембеков өз сөзінде инвестиция тартудың ұлттық маңызы бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, прокуратура құрылымдары «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде құқықбұзушылықтарға қарсы әрекет етумен қатар, бизнестегі жүйелі түйткілді мәселелердің алдын алуға басымдық беруде. Соңғы үш жылда кәсіпкерлерге қатысты тіркелген қылмыстық істер саны төрт есеге азайған. Ал 2025 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда бизнеске кедергі келтіру фактілері бойынша әкімшілік өндірістер саны үш есеге төмендеген.

Қазіргі таңда еліміздегі прокуратура құрылымдары

жалпы құны 100 трлн теңгені құрайтын 3 мыңға жуық инвестициялық жобаны сүйемелдеуде. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 250-ден астам жоба іске қосылып, 30 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Инвестициялық омбудсмен институтының енгізілуі мен профильдік комитеттің құрылуы инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, халықаралық бизнес сенімін арттыруға ықпал етуде.

Облыс әкімі өңір экономикасына соңғы үш жылда 2,3 трлн теңге инвестиция тартылғанын баян етті. 2025 жылы инвестиция көлемі 874,4 млрд теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 15%-ға артқан. Ал биылғы жылдың бірінші тоқсанында инвестиция көлемі 135 млрд теңгеден асып, 22,4%-ға өскен. 2026 жылы бұл көрсеткішті 1 051,2 млрд теңгеге жеткізу жоспарланып отыр.

Өңірге халықаралық қызығушылықтың артуына ерекше назар аудару қажет. Соңғы үш жылда 4,9 млрд АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылғаны БҚО-ның инвес-

тициялық тартымдылығын көрсетеді. Осыған байланысты облыс республикада жетекші орын алады: 2025 жылы 1,8 млн доллар шамасында тікелей шетелдік инвестиция (ҚР бойынша 4-орын) тартылды, - деді Нариман Төреғалиұлы.

Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа аясында өңірде жалпы құны 2,7 трлн теңгеден асатын, 8 мың жұмыс орнын құруды көздейтін 100-ге жуық жоба жүзеге асырылуда. Солардың қа-

түстік корейлік, қытайлық және ресейлік компаниялардың қатысуы бар ірі жобалар талқыланды.

Форум соңында қалдықтарды өңдеу, энергетика, қонақүй бизнесі және құс фабрикасын салу бойынша ынтымақтастық жөніндегі маңызды меморандумдарға қол қойылды. Құрылыс, машина жасау, металлургия және туризм салаларының дамуына үлес қосқан бірқатар компания басшылары арнайы марапаттарға ие болды.




Хэ ХУАЙ,
«JinoneExcellenceInvestments» ЖШС
вице-президентінің көмекшісі:

Орал қаласы тоғыз жолдың торабында, шығыс пен батысты жалғайтын Жібек жолының бойында орналасқан. Сондықтан болашақ жобамызға тиімді деп осы өңірді таңдадық. Қытай инвесторлары болып Сарытау шағынауданында «Еуразия» индустриалды логистикалық хаб жобасын мамыр айында қолға алдық. Жоба құны 22,5 млрд теңгені құрайды. Хаб құрамында жоғары технологиялы қоймалар, офистік ғимарат, қонақүй, қоғамдық тамақтану орны, жанар-жағармай бекеті, аутосервис болады. Электронды халықаралық коммерцияны тоғыстыратын трансшекаралық сауда нүктесіне айналады. Еуропа мен Азияны қосатын маңызды хаб Оралда салынады. Осы жоба аясында құрылыс материалдары және басқа да зауыттар құрылысы жалғасады. Жергілікті әкімдік пен мемлекеттік құрылымдар инвестор ретінде бізге жан-жақты қолдау көрсетуде. Қос мемлекет арасындағы дұрыс құрылған стратегиялық байланыс біздің әріптестігімізді нығайта бермек.

Артур ШОҚПАНОВ,
облыс прокурорының
аға көмекшісі топ жетекшісі:



Инвесторлардың прокуратура құрылымдарына жүгінуіне тиісті жағдай жасалған. Қазіргі кезде барлығы цифрландырылған, мобильді қосымша арқылы тікелей шағымдана алады. Прокурорлар сол мобильді құрылым арқылы инвестордың әрбір қиындық тудырған мәселесін шешуге бағытталған шараларды бір тәулік ішінде қабылдайды. Облыстық прокуратураның жанында барлық тиісті мемлекеттік құрылымды қамтитын фронт-офис отырыстары өткізіледі. Қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда, осы жиында талқыланады. Бұл бізге бірлесіп шешімдер табуға және жобаларды іске асырудағы әртүрлі кедергілерді жоюға мүмкіндік береді. Жыл басынан бері 14 инвестициялық жобаның түрлі түйінді мәселелері прокуратураның араласуымен өз шешімін тапты. Сонымен қатар бір мыңнан астам кәсіпкердің құқықтары қорғалып, тиісті шаралар алынды. Осы бағыттағы жұмыс жалғасады.



Қонаев кемесі Каспийге аттанды



Отан қорғаушылар күні қарсаңында ел мерейін асқақтатқан маңызды оқиғаның бірі – Жайық жағасында еліміздегі ең ірі кеме суға түсіріліп, Каспий теңізіне жол тартты. Осыған байланысты ұйымдастырылған іс-шараға облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысып, бұл жобаның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмасы аясында жүзеге асқанын атап өтті.

Аймақ басшысы өз сөзінде отандық кеме жасау саласының қарқынды дамып келе жатқанын айтып, жаңа су көлігіне көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев есімінің берілуі – үлкен құрметтің белгісі екенін жеткізді. Бұл – ұлт тарихына тағзым ғана емес, болашақ буынға үлгі боларлық тағылымды қадам.

Жобаны жүзеге асырған Орал «Зенит» зауыты ұжымы тағы бір мәрте өздерінің жоғары кәсібилігі мен жауапкершілігін дәлелдеді. Салмағы 720 тонна болатын алып кеме – зауыттан шыққан 37-інші су көлігі. Оның ұзындығы 51 метрге, ені 9,5 метрге жетеді. Жүк трюмінің көлемі – 30 текше метр. Заманауи талаптарға сай жабдықталған кемесінің жылдамдығы 16 түйінге де-

йін жетіп, 8 балдық дауылға төтеп бере алады.

Көпфункционалды кеме Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз күштері қажеттіліктеріне арналған. Ол әскери кемелер мен катерлерді дизельдік отынмен, ауыз сумен, азық-түлікпен және өзге де материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету міндетін атқарады. Экипаж құрамында шамамен 30 адам бар, олардың тиімді қызмет етуі үшін барлық жағдай жасалған. Айта кету керек, су көлігі Каспийге жету үшін арнайы бағытпен қозғалып, көпір астынан өтеді. Осыған байланысты кемесінің діңгегі кейін Ақтау аймағында орнатылмақ. Осылайша отандық кеме жасау өндірісі тағы бір белесті бағындырып, елдің қорғаныс әлеуетін нығайтуға елеулі үлес қосты.

БҚО әкімдігінің баспасөз қызметі

Көз қарашығын қорығандай қориық

Облыс аумағындағы су айдындары мен қоршаған ортаны қорғау аясында «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясы кең көлемде өткізілуде.

Балық шаруашылығы комитеті төрағасының тиісті бұйрығына сәйкес республика бойынша «Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясы басталды. Акция аясындағы іс-шаралар көктемгі маусым кезінде еліміздегі барлық балық шаруашылығы су айдындарында өтеді. Су айдындары балық аулау құралдарынан және өзен-көл жағалауы қоқыстардан тазартылады. Бұл күндері өзен-көлдерден балық аулауға тыйым салынған. Өйткені қазір балықтың көбейетін, уылдырық шашатын кезі. Осы аралықта инспекторлар бақылау шараларын күшейтеді.

Қазіргі кезде мемлекеттік инспекторлар мен балық шаруашылығы субъектілері бақылау барысында 302 иесіз ауды, 13 дана шаян аулайтын құралды жинап алды. Сондай-ақ 30 тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылды. Аталған шаруаға 63 адам қатысты, 36 аутокөлік және 81 қайық тартылды.

Облыс тұрғындары мен қонақтардан жағада демалған кезде тәртіпті сақтау, демалған орынға қалдықтарды қалдырмау сұралады. Қазіргі және болашақ ұрпақ мүддесі үшін табиғи ортаны ластанудан және жойылудан қорғау өте маңызды.

М. БЕРҒАЛИЕВ,
Батыс Қазақстан облысы бойынша балық инспекциясы басқармасының бас маманы



Жел электр стансасының құрылысы басталды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ғылыми тәжірибеде желдің қуаты 3-4 м/с болса, осындай электр стансасы өнімді қуат бере алатыны дәлелденген. Электр бағаналарының ұзындығы 100 метр болса, қанаттарының радиусы – 100 метр. Келісімшартқа сәйкес құрылыс жобасы 36 ай ішінде аяқталуы қажет. Бірақ жауапты компания келер жылы станса құрылысын тәмамдап, пайдалануға берілетінін айтып отыр, – деді басқарма басшысы Б. Мусин.

Жаңа жоба жан-жақты таныстырылған соң облыс әкімі Нариман Төреғалиев пен компания басшысы Гао Венко құрылыс басына уақыт қапсуласын орнатты. Айта кетелік, бұл ауқымды жобаға тартылған жалпы инвестиция көлемі – 40 млн доллар. Алты жел генераторының әрқайсысы 8,35 МВт қуат өндіруге қауқарлы. Компанияның бас директоры Гао Венко бұған дейін Қытай Халық Республикасында осындай ірі жобаларды жүзеге асырғанын айтады. Сондай-ақ ол өңірде жүзеге асырылатын құрылыс жобалары мұнымен шектеліп қалмайтынын да жеткізді.

– Қазақстан мен Қытай «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында жобаларды жүзеге асырып келеді. Көршілес мемлекеттер экономика саласында осы күнге дейін тығыз ынтымақтастық орнатқаны мәлім. Осындай жобалар арқылы қос елдің бастамалары одан әрі жандана түседі деген ойдамыз. Алты жел электр стансасының құрылысы сәтті аяқталып, ол мол қуат берсе, алдағы жылдарда бағана санын арттырмақ ниеттеміз, – деді компания басшысы.

Облыс әкімі экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, энергия өндіру аса маңызды екенін тілге тиек етті. 2023 жылы электр желілерін жөндеу-жаңарту жұмыстары басталған. Осының нәтижесінде желілердің орташа тозу көрсеткіші 82%-дан 75,4%-ға төмендеген. Облыс әкімі Нариман Төреғалиевтың айтуынша, электр энергиясын тұтыну жылма-жыл артып келеді. Осы орайда қуат көзіне деген тәуелділіктен толық арылу басты назарда екенін де мәлімдеді.

– Жел электр стансасының ерекшелігі – табиғатқа және ауаға еш зиян келтірмей-ақ қуат береді. Ақ

Жайық өңірі үшін бұл жоба қуантарлық жаңалық болмақ. 2023-2025 жылдар аралығында облыстың энергиямен жабдықтау саласына 44,8 млрд теңге бағытталса, оның 40,2 млрд теңгесі бюджеттен бөлінді. Барлығы 6,7 мың шақырым электр желісі мен 35 қосалқы станса жөнделді. Екі мың шақырымнан астам жаңа электр желілері салынды. Сондай-ақ Орал қаласында қуаты 110/10 кВ болатын жөндеу-өндірістік базасы бар екі жаңа заманауи қосалқы станса бой көтерді. Облыстың 119 елді мекеніндегі электр желілері жаңартылды. Осының нәтижесінде электр желілерінің жалпы тозуы 82%-дан 75,4%-ға дейін төмендеді.

Орал қаласының ЖЭО-да қуаты 12,5 МВт болатын №1 турбоагрегат ауыстырылды. Сондай-ақ НІТАСНІ турбинасына күрделі жөндеу жүргізілді. Нәтижесінде стансаның электр қуаты 60,5 МВт-қа дейін артып, жылу электр орталығы жабдықтарының тозу деңгейі 89%-дан 83%-ға төмендеді.

«Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында энергиямен жабдықтау нысандарын жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар басталды. Қазіргі уақытта электрмен жаб-

дықтау желілерін реконструкциялау үшін 14,7 млрд теңге көлемінде қаражат тартылды. 2030 жылға дейін 16,7 мың шақырым электр желісін жаңғырту жоспарлануда. Бұл межеге жету үшін шамамен 208 млрд теңге бағытталады (тозуды 11%-ға дейін төмендету жоспарлануда). Сондай-ақ жеке инвестицияларды тарту бойынша ауқымды жұмыстарды жалғастыра береміз. «Батыс Пауэр» ЖШС электр стансасының қуатын 100 МВт-тан 414 МВт-қа дейін кеңейту жоспарлануда. Инвестиция көлемі 347 млрд теңгені құрайды.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экологиялық тұрақтылықты нығайту мақсатында 2030 жылы жаңартылған энергия көздерінің үлесін 15%-ға дейін, ал 2050 жылы 50%-ға дейін арттыру міндеті қойылды.

Жәнібек ауданының Өнеге ауылында қуаты 4,9 МВт гибриді электр стансасының құрылысы басталады. Инвестиция көлемі – 3 млрд теңге. Оған қоса, Орал қаласында қуаты 50 МВт жел электр стансасы іске қосылады. Инвестиция көлемі – 21 млрд теңге. Жобаны іске асыру аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін арттырып, өңірдің инвестициялық тартымдылығын күшейтеді, – деді өңір басшысы Н. Төреғалиев.

2026 жылы облыстағы электр желілерін жөндеу-жаңартуға 20 млрд теңге бағытталмақ. 2023 жылға дейін өңірдегі электр желілерінің тозу көрсеткішін 11%-ға дейін төмендету жоспарда тұр.

Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»



Саналы ғұмыр, салиқалы із

Жуырда Қадыр Мырза Әли атындағы мәдениет және өнер орталығында еңбек ардагері Құрман Бисеғалиевтың «Тағдыр мен тағылым» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітапта Орал өңіріне танымал тұлға, қоғам қайраткері Аманкелді Әбдуғалиевтың өмір жолы баяндалады.

Туған жерінің нағыз патриоты болған Аманкелді Әбдуғалиев өзінің кіндік қаны тамған Тайпақ ауылының тарихында өшпес із қалдырды. Бүгінде ауыл тұрғындары оны жасаған игі істері үшін зор құрметпен еске алады. Кітап ауторы Құрман Бисеғалиев кеш барысында өзінің шығарма-

шылық жолы туралы айтып, бұл еңбекті жазуға не түрткі болғанын, шығарманың қалай дүниеге келгенін баяндады.

Кездесуде Тайпақ ауылының ақсақалдары кітап кейіпкерін адал, қайсар азамат ретінде еске алды. Аманкелді Әбдуғалиев кеңес дәуірінде де, тәуелсіздік жылдарын-

да да жауапты мемлекеттік қызметтер атқарып, қай қызметте жүрсе де өзінің өмірлік ұстанымдарына берік болған. Жиналғандар мұндай тұлға жайлы кітап жазу оның жарқын бейнесіне көрсетілген құрметтің белгісі екенін ерекше атап өтті.

Салтанатты сәтте ақын, «Парасат» орденінің иегері,

халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті жазушысы Айтқали Нәріков пен журналистика ардагері Болат Есқалиевтің қатысуымен кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Сондай-ақ Ақжайық ауданы әкімінің орынбасары Зәйлім Мәжитова сөз алып:

– Кітап кейіпкері Аманкелді ағай – соғыс балаларының

буыны. Оның балалық шағы соғыстан кейінгі ауыр кезеңдермен тұспа-тұс келді. Әкесі майданда қаза тауып, Аманкелді ағай ерте жастан анасына қолғабыс жасап, еңбекке араласқан, – деген ол ауторға естелік сыйлық табыс етті.

БҚО бойынша Қазақстан халқы ассамблеясының «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Нұрғали Жолдасқалиев, Ақжайық ауданындағы М. Әуезов атындағы орта мектептің кәсіподақ төрағасы Берік Баймырзин, Атыраудан арнайы келген қонақ Талап Махметов, еңбек ардагері Әленғали Керейтегі және Аманкелді Әпенұлының қызы Ақмарал ізгі тілектерін жеткізді.

Кештің концерттік бағдарламасында республикалық байқаулардың лауреаттары – Сабина Ғабитова, Алтынбек Базаров, Азат Қабиев және Қазақстанның мәдениет саласының үздігі Рүстем Кереев өнер көрсетті.

Іс-шара соңында Аманкелді Әбдуғалиевтың ұрпақтары Қадыр орталығына естелік сый табыс етті.

Светлана САДЫРОВА,
Орал қаласы



Казталов ауданындағы Жалпақтал ауылының тұрғыны Бекнұр Қыдырашев металл бұйымдар мен жиһаздар дайындайтын цех ашты.



АУЫЛДА металл бұйымдар шығарады

Кәсіпкер жеке ісін жүргізу үшін «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеңілдетілген несие алған. Енді ол тұтынушыларға, дүкендер мен әлеуметтік нысандарға қажетті өнімдер шығарып, ауылдастарына қызмет көрсетуде. Кәсіпкердің айтуынша, халықтың металл бұйымдарға деген сұранысы күн санап артып келеді.

– Бұрын тапсырыстарымызды үйде дайындаған едік. Енді «Ауыл аманаты» жобасының арқасында арнайы цехта шығарамыз. Мұнда қоқыс жәшіктерін, гүлдерге арналған сөрелер, металл есіктер және лофт стиліндегі жиһаздардың барлық түрін дайындаймыз. Жалпақталдықтар күні бүгінге дейін мұндай тауарларды қаладан әкеліп жүрсе, қазір ауылда қолжетімді бағада сатып алады, – деді Бекнұр Қыдырашев. Кәсіпкер ауылдың үш тұрғынын тұрақты жұмысқа алған. Алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, қосымша жұмыс орындарын ашуды жоспарлап отыр.

«Ауыл аманаты» жобасы облыста ауыл тұрғындарының табысын арттыру және кәсіпкерлікті дамыту жолында табысты жүзеге асырылуда. 2023-2025 жылдары жоба аясында өңірге бөлінген 14,4 млрд теңгенің 11,2 млрд теңгесі игеріліп, 1469 шағын несие берілді. Нәтижесінде 1904 жаңа жұмыс орны құрылды. Айта кету керек, «Ауыл аманаты» жобасы «AMANAT» партиясы бастамасымен жүзеге асырылып, ауылдардағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

«AMANAT» партиясы
БҚО филиалы



Сырымдағы сайыс



Сырым ауданында «Қайсар» спорт клубының ұйымдастыруымен 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне және Семей ядролық полигонының жабылуына 35 жыл толуына орай спорттық сайыстар өтті. Бұл іс-шараға Семей, Чернобыль апаттарын қалпына келтірген, Тәжік-Ауған, Таулы Қарабақтағы әскери қимылдарға қатысқан ардагерлер қатысты.

1992 жылы 7 мамырда Қазақстан қарулы күштерін құру туралы жарлық жарияланды. Бұл күн – ел тыныштығын сақтайтын әскери қызметкерлер мен барлық ер азаматты құрметтейтін, патриоттық рухты асқақтататын маңызды мереке. Елімізде бұл мереке кең көлемде аталып өтіледі. Сонымен қатар биыл Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың тоқтатылғанына 35 жыл толып отыр. 1949-1989 жылдар аралығында түрлі ядролық сынақ өткізіліп, жергілікті халықтың денсаулығына орасан зор зиян келді. Осы сынақ полигонының салдарын жоюға ауданымыздан 40-қа жуық азамат қатысты.

Спорттық іс-шараның ашылу салтанатында Батыс Қазақстан облысы бойынша Семей ядролық сынақ полигоны «Ерекше тәуекелді сарбаздар» ҚБ мүшесі,

«Сырым сарбаздары» ҚБ төрағасы Алмас Абдрахманов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Қатысушылар шахмат, мылтық ату, қол күресі сайыстарынан сынға түсті. Сайыс қорытындысында жүлдегерлер диплом, медаль және бағалы сыйлықтарға ие болды.

Сырым аудандық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Исатаеваның айтуынша, Ауған соғысына қатысушылар, Тәжік-Ауған, Таулы Қарабақ қақтығысына қатысушылар, Семей ядролық сынақ полигонының салдарын жоюға және Чернобыль атом электр стансасындағы апатты жоюға қатысқан азаматтар ерекше әлеуметтік санатқа ие. Олар аға буын ретінде жас ұрпаққа бейбітшіліктің маңызы туралы жиі айтады.

Қондыкер ЕЛЕУОВ,
Сырым ауданы

Мәншүк ізімен...

Сұрапыл соғыс жылдарында алдыңғы шепте жүріп, ерлермен бірге ерлік көрсеткен жауынгер қыздардың батырлығы жөнінде Кеңес одағының маршалы А. Еременко: «Ұлы Отан соғысында қыздар араласпаған, олар меңгермеген әскери мамандық кемде-кем», – деп жазған еді. Жалпы деректерде Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жауынгерлер 110 түрлі әскери мамандықтың түрін игергені айтылады. Майдан даласында көпұлтты кеңестік жауынгерлер қатарында қазақ қыздары да ұшқыш, танкі жүргізуші, пулеметші, мерген, барлаушы, байланысшы секілді мамандықтарды меңгеріп, оған қоса дәрігер, аспаз, кір жуушы, хат тасушы болып еңбек еткен. Осы орайда облысымызға танымал тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Бақтылы Боранбаеваның «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары» кітабы жарық көрген еді. Жинақта өңірімізде туып-өсіп, Отан үшін от кешкен 23 бойжеткеннің өмір-дерегін баяндаған. Автордың рұқсатымен бүгінде арамызда жоқ сол батыр аналарымыздың бірқатарын «Орал өңірінің» оқырмандарына таныстыруды жөн көрдік.



ДЕСАНТШЫ ҚАЛАМСИЯ



Қаламсия Ермекова 1921 жылы сол кездегі Орал облысының Жымпиты ауылында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылып, жастайынан тіршілік тауқыметін көріп өскен майдангер ана көзі тірісінде өзінің балалық шағы туралы: «1921 жылы нәубет уақытта дүниеге келіппін. Әкеміз дүниеден ерте озып, бес баламен қалған анамыз байлардың есігінде жалданып жүріп, жоқшылық, аштық – осылардың бәрінен бізді аман алып қалған. Тұрмысымыз өте қиын болды. 1932 жылғы аштықтан да колхоздың сиырын сауып жүріп, бізді жеткізген еді», – дейді. Осылайша аяулы ананың арқасында бойжетіп, 1940 жылы Жымпиты ауылының орта мектебін, кейін Орал қаласындағы мұғалімдер даярлайтын училищені тәмамда-

ған бойжеткен ағаларымен бірге анасына серік болып, ауылдың түрлі тірлігіне араласа бастайды. Алайда алаңсыз бейбіт өмірдің шырқы тағы да бұзылып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Екі ағасы соғыстың алғашқы күндері майданға аттанып, хабарсыз кетеді. Қаршадайынан қандай қиындықты да қаймықпай қарсы алуға үйренген Қаламсия анасының қарсылық білдіргеніне қарамастан, екі ағасының кегін алмақшы болып, өз еркімен майданға баруға бел байлайды. Әуелі Жымпитыдағы екі айлық өзін-өзі қорғау (самозащита) курсына оқып тәмамдайды. Содан соң аудандық әскери комиссариаттың талбалдырығын тоздыра жүріп, ақыры «Он күндік жол азығыңызды алып келіңіз» деген шақыру қағазын алады. Сөйтіп, 1942 жылдың қыркүйек айында Оралдан майданға аттанады. Қаламсия маршал Малиновский басқарған II Қиыр Шығыс майданының десантшылар әскерінің құрамында Жапония басқыншыларына қарсы соғысқа қатысады. Ол жауынгерлік өмірі туралы: «Қалың орман арасында десантшы да, барлаушы да болдық, түнгі күзетте де тұрдық. Ұшақтарды күзетеміз. Жау біздің күзетте тұрған жауынгерлерді, офи-

цер шенділерді ұрлап алып кетіп, оларды өзімізге қарсы үгіттейтін болды, бірақ мен одан аман қалғанмен, екі рет ауыр жарақат алдым», – деп еске алған еді. Кейіпкеріміз бірде шекараның түнгі күзетінде тұрғанда басына снаряд жарқыншағы тиіп, ауыр жарақаттанады. Кейін Хабаровск қаласындағы әскери госпитальда екі ай емделеді. Майдангер өзінің жауынгерлік өмірін еске ала отырып, есінде ерекше сақталған мына бір оқиғасын бөліскен еді: «Күздің суық бір күні біздің десантшылар батальоны шұғыл сапқа тұрғызылды. Жорыққа аттанатын шығармыз деп ойлады. Қолбасшылар арасынан бір адам шапшаң адымдап, біздің батальонға таяды. «Араларыңда қазақ бар ма?» – деген сұрақты естігенде әрі таңданып, әрі қапелімде абдырап қалдым. Өйткені қазақ тіліндегі дауысты естімегелі біраз болды ғой. Саптың ортасында тұрған мен оның қазақ екенін қапелімде байқай алмай қалып едім. Бір қадам алға шығып, «Мен қазақпын», – деп дауыстадым. Жақындап келді де, – Сен қалмақ емессің бе? – деді. «Жоқ, қазақпын Орал облысынан келдім», – дедім. Кейін білдім, бұл есімі алты алашқа мәлім болған Бауыржан Момышұлы екен. Маған қарап: «Біз – қазақ батыр, намысты халықпыз. Понятно, – деп маған тесіле қарағанда, қолымды шекеме апарып, «Тақ точно» дегенім есімде. Қазір бір өкінетінім, тұрмыстың ауырлығынан мына тұрған Алматыға барып, Бауыржан Момышұлын тірі кезінде көріп, сәлемдесе алмадым», – деген еді. Қаламсия анамыз 1945 жылы 15 қыркүйекте Владивосток қаласының маңындағы Березовка ауылында соғысты аяқтап, елге аман-есен оралады. Жауынгерлік ерлігі үшін Ұлы Отан соғысы ордені және Кеңес Одағының

Маршалы Г. Жуков медалімен марапатталған. Майдангер ана елге Жеңіспен оралған соң бейбіт өмірге араласып, балалар үйінде тәрбиеші болып қызмет атқарған. 1946 жылы Панфилов дивизиясының құрамында барлаушы болған кіші сержант, соғыс ардагері Самиголла Машаевпен шаңырақ көтеріп, қос ардагер бес бала тәрбиелеп өсірген.

ЖАУЫНГЕР ҚОС ҚҰРБЫ

Жымпитылық Мүслима Үмбетова мен Әзима Ниязғалиева бір көшенің бойында көрші тұрған, бірінші сыныпқа бірге барған құрбылар еді. Мүслима анамыз соғысқа дейін ауылда есепші

ри өлкесіндегі қалың орман арасына жаудан жасырылып қойылған әскери ұшақтар мен оқ-дәрі қоймаларын күзетіп, зениттік батареяның оқ дайындаушылары да болды. Жауынгерлік тапсырмаларды мүлтіксіз орындаған құрбылар Қиыр Шығыс майданы қолбасшысының алғысхатына ие болады. Ардагер аналар өздерінің майдан туралы естеліктерінде: «Әсіресе Усуридің қатал қысы мен күзгі лайсаң жаңбырының астында тұрып, самолет қарауылдаған кездер аса қауіпті болатын, түн қараңғысы енген шақта кірпік қақпай тұратынымыз естен кетпейді. Біз қызметімізді бәрі де Отан үшін, бәрі де туған ел үшін



Қос құрбы Ә. Ниязғалиева мен М. Үмбетова

болып еңбек етсе, Әзима анамыз ауылдағы он саусағынан өнер тамған атақты ағаш шебері Ниязғалидың жанұясында тәрбиеленіп өскен ерке қыз болатын. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде қос құрбы өз еріктерімен майданға сұранып, Жымпиты аудандық әскери комиссариатына өтініш жазады. Өтініштері қабылданып, 1942 жылы 22 маусымда Қиыр Шығыс майданына аттанады. №120 артиллериялық әуе шабуылынан қорғану полкінің құрамына алынады. Владивосток, Лесозаводск қалалары үшін жапон милитаристерімен болған ұрыстарға қатысады. Сондай-ақ олар Уссу-

деп адал атқаруға тырыстық», – деген еді. Сөйтіп, майданда «Отан алдындағы қызметі үшін», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған жауынгер қос құрбы 1945 жылы тамыз айында елге аман-сау оралады. Жауынгер Әзима Ниязғалиеваның анасы қызының соғысқа кетерде қиып тастап кеткен екі бұрымын төрге іліп қойған екен. Соғыс аяқталған соң сол бұрымды аудандық театр әртістері арнайы келіп, Әзима апайдан сұрап алып кетеді. Кейін қос құрбы елге оралған соң еңбекке араласып, отбасын құрады.



Қаламсия ЕРМЕКОВА

Ерлік шежіресі



АЭРОДРОМ КҮЗЕТКЕН ҚАНЫМ



Қаным Алмағамбетова 1921 жылы Тайпақ ауданының Базартөбе ауылында дүниеге келген. Тоғыз жасында Тайпақ ауданындағы Қызылжар орта мектебінің бірінші сыныбына оқуға қабылданып, 1937 жылы 7 кластық білім алады. Сөйтіп, 16 жасынан еңбекке араласқан Қаным аудандық қаржы бөлімінің хатшысы қызметін атқарады. 1939 жылы қаңтарда БЛКЖО ОК-ның жанындағы республикалық мектепке пионерлер жетекшісін (вожатый) даярлайтын 8 айлық курсқа

жіберіліп, кейін Калмыков ауылындағы орта мектепте аға пионер жетекші болып қызметке орналасады. Еңбекқор бойжеткен 1940 жылы наурызда Каргалинка ауылындағы есепшілер даярлайтын 10 айлық курсты оқып бітіреді. Сөйтіп, 1941 жылдың қаңтар айынан 1942 жылдың тамызына дейін, яғни соғысқа аттанғанға дейінгі аралықта ол Калмыков ауылында аудандық ауыл шаруашылығы тұтынушылар қоғамында бас есепші болып еңбек етеді. Осылайша биік белестерге ұмтылған Қаным анамыз ел басына күн туғанда көп ойланбастан майданға сұранып, әскери комиссариатқа өтініш жазды. Бұл жазған өтініші қабылданып, майданға аттанған жауынгер ананың Қаратөбе аудандық мұрағат қорында сақталған ғұмырбаянында: «1942 жылдың август айында өз еркімізбен соғысқа сұрандық. Тайпақ ауданынан менімен бірге 10 қыз аттандық. Оралдан бір эшелон



қызды тиеп, Қиыр Шығысқа алып кетті. Лесозаводск деген жерде, кейін Киров ауданы аумағындағы орман ішінде аэродром қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әйелдер батальонында (БАО) үш жыл қызмет еттік. Төрт жыл бойы өзіммен бірге болған Үмітай Есқалиева екеуміз өмірдің соқпағын бірдей көрдік. Аэродромды күзеттік. Майданда таңғы сағат 6-дан түнгі 11-ге дейін қарлы-жауынды ауа райына қарамастан оқ атуды, адамға пышақ шаншуды, жер бауырлап жылжуды, өзеннен өтуді, байланыс аппараттарын қолдануды үйретті. Аптасына екі рет толық әскери қарумен 20-40 шақырымдық жүгіру міндетін орындап тұрдық», – деп жазады. Сондай-ақ ол: «1945 жылы сентябрьде Жапон милитаристерінің соғысы басталып кеткенде біздің батальонды Кореяның Хедзео деген қаласындағы аэродром күзеті қызметіне ауыстырды», – дейді. Қаным Алмағамбетова соғысты Кореяның Хедзео қаласында аяқтап, 1945 жылы желтоқсанда елге оралады. Жауынгерлік ерлігі үшін II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен және Жоғарғы Бас қолбасшының алғысхатымен марапатталды.

Соғыстан кейін бейбіт өмір тірлігіне араласқан майдангер ана Жымпиты, Қаратөбе аудандарында бас есепші болып қызмет еткен.

ӘСКЕРИ ТЕХНИКАМЕН СНАРЯДТАР ТАСЫҒАН




Қиыр Шығыс майданының әскери көлік жүргізушісі, жауынгер Слухия Сарқұлова. 1944 жыл

Слухия Сарқұлова 1923 жылы 9 мамырда Жаңақала ауданында дүниеге келген. Төрт кластық білімі бар кейіпкеріміз сұрапыл соғыстың басталар алдында ғана, 1941 жылы 15 маусымда Переметный ауылындағы жүргізушілер курсына оқуға жіберіледі. 1942 жылы 15 қаңтарда курсты тәмамдап, ауылға келген соң ол техника жөндеушісінің (механик) көмекшісі болып жұмысқа кіріседі. Сөйтіп, көлік жүргізуші қыз 1942 жылы жазда өз еркімен сұранып, Қиыр Шығыс майданына аттанады. Жауынгер С. Хабаровск өлкесінде №189 аутокөлік полкінің №600 ұшақтарға қызмет көрсету батальонында (Батальоны аэродромного обслуживания – БАО) әскери машинамен мина, снарядтар тасыды, бомбалаушы ұшақтарды сүйреп қыздырды. Слухияның жауынгерлік өмір жолдары туралы жазған ғұмырбаянында: «Әскери өмірім Қиыр Шығыста Хабаровск өлкесінің Иман қаласынан басталды. Кеңес армиясы қатарында 1942 жылдың 23 маусымынан ұшақтарға қыз-

мет көрсету батальонында қызмет еттім. Соғысты Жапон елінің Ханкель портында аяқтадым. Жарақатым жоқ. Шенім – ефрейтор. Соғыстың алғашқы кезеңінде, орыс тілін білмей қиналдым. Бірақ орыс полктастарым маған үнемі көмектесіп отырды. Майданда көрген қиындық пен азапты күндерім ұмытылмайды. Бір күні қасымдағы көлік жүргізушісі Анна Фадеева екеуміз 3 күн адасып, бөлімшені зорға тапқанымыз әлі есімде. Ас-сусыз адасып жүргенде жолдан жапон галетін (ұннан жасалған печенье) көріп жегенбіз. Галет уланған болып шықты. Мен қатты ауырдым. Бірақ Анна мені далаға тастамады. Жолдағы бір ауылға апарып, ерең дегенде сүт тауып әкеліп, емдеп есімді жиғызды», – деп жазады. 1945 жылы 2 қыркүйекте Жапония сөзсіз тізе бұгу туралы актіге қол қойған еді. Қиыр Шығыс майданында әскери көлік жүргізген Слухия Жұмағұлқызы 1945 жылы аман-сау елге оралды. Бейбіт өмір тіршілігіне араласып, ауылда ветеринарлық санитар, далалық бригада есепшісі сияқты түрлі қызметтер атқарған ол 1950 жылы коммунистік партия қатарына өтті. 1953 жылы 3 наурызда өзі тұратын Подтяжки ауылдық кеңесінің председателі болып тағайындалған соң бұл қызметті зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін 25 жыл, яғни ширек ғасыр бойы атқарды. Майдангер Ұлы Отан соғысының мерекелік медальдарымен қатар, кеңестік қоғам қайраткері ретінде «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен және 1973 жылы «Социалистік жарыс жүргізушісі» (Знак «Водитель социалистического соревнования») белгісімен марапатталған.

(Жалғасы бар)

Дайындаған
Гүлсезім БИЯШЕВА,
«Орал өңірі»



Майданда көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін байланысшы Қаным Алмағамбетоваға Жоғарғы Бас қолбасшының атынан берілген алғысхат





Қымбатты Ұлы Отан соғысының ардагерлері! Құрметті тыл еңбеккерлері! Аса қадірлі Орал өңірінің халқы!

Баршаңызды 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтаймын!

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан соғыс болса, Ұлы Жеңіс – аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Жеңістің 81 жылдық мерекесінде біздер сол жеңісті жақындатқан барша ардагер ағаларымыз бен аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымызды иіп, құрмет тұтамыз!

Жеңіс күні – әрбір төртінші азаматын соғысқа аттандырған бүкіл қазақстандықтың мерекесі. Ұлы жеңіс мерекесінде біз Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухына бас иіп, тағзым етеміз. Сіздердің ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, құт-береке, туғандарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілейміз!

Ізгі тілекпен:
Ольга ПОПОВА,
«ПМК-117»

ЖШС-ның бас директоры

мамыр

*Жеңіс күні,
құтты болсын!*

Сырбай МӘУЛЕНОВ

Соғыстан қайтқан солдаттар

Жауаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кешікпей жарым келер деп,
Төрінен сайлап орынды.
Батысқа қарап елеңдеп,
Ару жүр тосып жолыңды.

Көтерді бәрін ауырдың,
Азамат болып арды ақтар.
Көрдің бе жарын арудың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кетерде солдат жарының,
Ішінде қалған ана жыл.
«Көкемді айтпай танырмын», –
Деп бір сәби бала жүр.

Қайырылмай қалай кетесің,
Хабарсыз қалай ол тоқтар?
Көрдің бе оның көкесін,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар.
Барады үнсіз түнеріп,
Соғыстан қайтқан солдаттар...

Ардақты соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері және құрметті Ақ Жайық өңірінің жұрты!

Сіздерді 9 мамыр – Жеңіс күнімен құттықтаймын! Әр отбасына сәттілік, жетістіктер, амандық пен өзара түсіністік, бақыт тілеймін! Ұлы Отан соғысынан оралмаған жерлес жауынгерлер мәңгілік есімізде сақталды. Сұрапыл соғыста аман-есен оралғандарға, тылда күні-түні еңбек еткендерге, соғыстан кейінгі жылдар ауыртпалығын көтергендерге шуақты күндерді жақындатуға үлес қосқандары үшін бас иеміз.

Жауынгер ұрпақ батырлары – біздің туыстарымыз бен жақындарымыз. Олардың ерліктерін еске алу халқымызды біріктіреді, бізді күшейтеді, қиындықты жеңуге және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Осы айтулы мейрамда Ақ Жайық өңірінің барлық тұрғындарының деніне саулық, жарқын да ұзақ, тыныш өмір, бейбітшілік пен бақыт, амандық тілеймін!



Ізгі ниетпен: Владимир САМСОНОВ,
«Орал кеме жөндеу зауыты» ЖШС-ның
бас директоры



• Жеңіс сарбазы Құжат Ықсановтың туғанына – 100 жыл



«Бейбіт күнді бағалаңдар, балалар!»



... Бейбіт аспан аясында тағы бір 9 мамыр – Жеңіс күнін қарсылаудамыз. Қандай қасіретпен келген Жеңіс еді бұл... Қаншама боздақ мерт болып, ұлынан айрылып, қаншама ана аңырады, екі көзі төрт болып жарын күткен үміті ақталмай, қаншама келіншек еңіреді. Іштегі шерін сыртқа шығара алмай, қаншама қарт әке иегі кемсеңдеп, үнсіз егілді, жетім қалған қаншама сәбидің жанарында көз жасы болып мөддіреді бұл ЖЕҢІС! Майдангер ақын Сырбай Мәуленов жазғандай:

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар...

Ел-жұрт бес жыл бойы зарығып күткен, сабыры сарқылып, төзім-тағаты таусылып күткен осынау ұлы Жеңістің сарбаздарының бірі Құжат Ықсанов еді.

Ол бұрынғы Тайпақ, бүгінде-рі Ақжайық ауданына қарайтын Базартөбе ауылдық округінде жарық дүниеге көрінген. Өзі туып-өскен ауыл-аймақтағы мектептердің бірінде тарих, география пәнінің мұғалімі болып жүрген жерінен 1943 жылдың қара суық күзінде майданға алынады. Ықсановтың Құжаты 192-дивизияның 434-атқыштар полкінің құрамында болды. Бұлардың бөлімшелерінің бірінші кезектегі міндеті неміс-фашистерінің танкілерін жою еді. Әрине, реті келіп жатса, дұшпанның өзінің көзін жоюға кім қарсы дейсің?! Қызыл әскер Құжат Ықсановтың қанды майдан жорықтарындағы батылдығы мен батырлығы үшін иеленген алғашқы марапаты «Ерлігі үшін» медалі еді. Қарулас жора-жолдастарымен бірге Минск, Варшава, Крахов сықылды ірі қалаларға қоса, көптеген деревня-хуторды неміс-фашистерінен азат еткен ержүрек жауынгер Қ. Ықсанов бергін келе Берлинге жеткенше І және ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны алғаны үшін», «Кенигсбергті азат еткені үшін» медальдарымен марапатталды.

– «Мәскеуде өтетін Жеңіс шеруіне қатысасың» деген хабар жандүниемді толқытып, жауапкершілікті күшейтті. Ол ұлы шеруге бізді полк командирі В. Локтев пен №9 Қызыл тулы «Бранденбург» атқыштар корпусының командирі, генерал-лейтенант, Кеңес Одағының Батыры И. Рослый бастап барды.

Мәскеу. Қызыл алаң. 1945 жылғы 24 маусым. Біздің құрама полк Қызыл алаңға келді. Соғыста ерен ерлік көрсеткен атақты жауынгерлік Қызыл тулы 1-гвардиялық танк армиясының батырлары, армия генералдары Покрышкин, Кожедуб және басқа да әскер басшыларын көзім шалды. Жауынгерлік сәлем, әсерлі әндер естіліп тұрды. Шеру басында жер шары орналасқан әскери жүк машинасы қозғалып, кетіп бара жатты. Шардың еуропалық бөлігінде Кеңес одағының астанасы – Мәскеу көрсетілген. Ал «Берлин» деген жазуда Жеңіс Туы бекітілген. Біздің құрама полкке жалғас өздерінің жауынгерлік туымен Польша әскері тұрды. Он рет Кремль қуранты соғылған соң, Спасск қақпасынан ақ боз атпен Кеңес одағының

маршалы Г. Жуков шықты. Оған Жеңіс шеруін басқарушы маршал К. Рокоссовский салтанатқа әзірлік туралы рапорт берді. Г. Жуков пен К. Рокоссовский әскери құрылымдарды айналып шығып, халықты Жеңіспен құттықтады. Қызыл алаңды Кеңес әскерінің сардар-сарбаздары «Ура!» деген дауыстарымен жаңғыртты. Маршал Г. Жуков әскери сапты айналып шыққасын аттан түсіп, В. Ленин мавзолейінің мінбесіне көтерілді. Әскери тарихи шеру басталды. Совет одағының ержүрек офицер-солдаттары ту желбіретіп, салтанатты саппен өттік. Ұлы Жеңістің құрметіне арналған әскери парад бір сағатқа ұласты.

Мендей қарапайым қазақ баласының тарихи әскери шеруге қатысуы қазақ халқының фашистік Германияны тізе бүктіруге қосқан зор үлесіне көрсетілген құрмет әрі тағзым деп ұғындым. Әсіресе дұшпан әскерінің қолға түскен туларын мавзолей түбіне лақтырып жатқанда не сезінгенімді жеткізу қиын. Ең бірінші, Адольф Гитлердің жеке туы лақтырылды. Шетелдік генералдар кеңес әскерінің мавзолей түбіне рейхтің бүлінген туларын лақтырып жатқандарына қарап тұрды. Сол бір кеште Мәскеуді ракеталардың әртүрлі сәулелі жарықтары нұрландырып тұрды. Сол күні Мәскеуде қатарынан 30 рет орудиядан салют атылды. Біз, жастық шағымызды сұрапыл соғыс аяусыз шарпыған майдангерлер бейбіт өмірдің қандай қымбат екенін терең түсінеміз. Ал енді, сендер, бейбіт күнді бағалаңдар, балалар! – деп тебірене әңгімесін түйіндеуші еді Құжат қарт.

Мәскеудің төріндегі тарихи әскери шеруден кейін жас жауынгер Құжат тұрақты әскер құрамында қызмет етіп, атамекенге тек 1950 жылдың сәуірінде сағынышпен оралған. Ендігі қалған өмірін бейбіт елдің игілігі үшін еңбек етуге арнады. Майдангер Қ. Ықсанов 1986 жылы зейнеткерлік жасқа шыққанша ұлағатты еңбек жолынан өтті. 1950-1961 жылдары Сайқұдық, Қырыққұдық, Құрайлысай, 1968-1978 жылдары Қарауылтөбе ауылдық кеңестерінің төрағасы, Өлеңті, Есенсай, «Орал қаракөл» кеңшарларында бөлім-

ше меңгерушісі, Тайпақ мұнай базасының директоры қызметтерін атқарды. «КСРО-ның 50 жылдығы» атындағы кеңшар директорының орынбасары қызметін ақ-адал атқарып, ізбасарларына жол сілтеді. Өндірістен қол үзбей, Орал педагогикалық институтының тарих факультетін, Орал ауыл шаруашылық техникумын зоотехник мамандығы бойынша бітірді. Құжат Ықсанұлының көзін көріп, сөзін ести қалғандар ол кісінің шаруаға ұқыптылығын, тереңнен толғап сөйлейтінін, қазақ халқының даналығы мен сөзге шешендігін қатты қадірлейтінін, туған ел мен туған жерге перзенттік парызын қалтқысыз өтегенін әлі күнге дейін тебірене айтып отырады. Ақжайық өңірі жұртшылығының алдында зор абырой мен беделге ие болған Құжат ағамыз әркімнің көзқарасынан көңілдегісін ұғып тұратын, қабақ шытып, айналасындағылардың көңіліне кірбің түсірмейтін. Қай уақытта да жарқын көңіл, елгезектігімен жолдас-жораға, ел-жұртқа сыйлы болды. Сұрапыл соғыс жылдары ерлігі үшін алған орден-медальдарына бейбіт замандағы жасампаз еңбегі үшін «Құрмет белгісі» ордені мен басқа да марапаттар қосылды. Бірнеше мәрте аудандық кеңестің депутаты, Тайпақ аудандық партия комитетінің пленум мүшесі болып сайланды.

Қанды майдан жорықтарында жанқиярлық ерлігімен, бейбіт заманда жасампаз еңбегімен ерекшеленген Құжат Ықсанұлы 1996 жылдың шілдесінде айында 70 жасында дүниесін салды. Ұл-қыздары, немере-жиендері оның Ұлы Отан соғысы туралы әр естелігін саналарына сіңіріп өсті. Ал жазбаша дерек-дәйектері, өмірден көргендері мен көңіліне түйгендерін өз қолымен қағазға түсіргендері музейдің жәдігерлерінде мұқият қаттаулы хәм сақтаулы. Ғұмырдарияда тұғыры биік болған жанның күнделігіндегі мына жазбалар, көп нәрседен хабар бергендей:

«Жан мен ар тазалығы туың болуы керек».

«Бойыңдағы қайратыңды ортақ мүддеге жұмсамау – барып тұрған пасықтық».

«Бір күнін іссіз бос өткізген адам – өлік».

«Соғыста жену үшін қалай күрессең, бейбіт өмірде де солай күресе білу керек».

«Тек таза еңбектің дәмін тұшынған адам ғана бақытты өмір сүреді».

«Мен бақыттымын! Туған елімнің тәуелсіздігін көрдім. Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуін тілеймін!».

Құжат қарттың әңгімесін түйіндеп келе, айтқан мына сөзі маған бүкіл жеңіс сарбазының, барша майдангердің жас ұрпаққа, бақытты ұрпаққа аманаттаған ең басты өсиетіндей көрінеді: **«Бейбіт күнді бағалаңдар, балалар!»**

Беркін БОЛАТ,
Орал қаласы

Өшпес ерлік өнегесі

Біздің әулет үшін есімі ерекше құрметпен аталатын ардақты жанның бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері, майдангер Иманғали Ерниязов.

Ол ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдарында Отан қорғау жолында от кешіп, қан майданның ең ауыр шайқастарына қатысты. Әскери архив деректеріне сәйкес, туған-туыстарына 1944 жылғы 8 ақпанда Новгород облысындағы Щелино селосы маңындағы қиян-кескі ұрыста қаза тапты деген қаралы хабар жеткен. Алайда тағдыр оған екінші өмір сыйлады. Сол бір сұрапыл шайқаста ауыр жараланып, бір қолынан айырылған Иманғали ағамыз ажал аузынан аман қалған. Ұзақ емделген соң, 1946 жылы туған жеріне оралды. Бұл отбасы мен ауыл-аймақ үшін орны толмас қуаныш еді.

Ағамыз майдан даласындағы ерлігі үшін бірнеше мәрте мемлекеттік наградамен марапатталды. 1944 жылы 13 және 19 қыркүйек күндері екі рет «Ерлігі үшін» («За отвагу») медалімен, 1945 жылы 9 мамырда «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Бұл марапаттар – оның майдандағы қайсарлығы мен батырлығының айқын дәлелі.

Соғыстан кейін бейбіт еңбекке араласып, ұзақ жыл бойы мал шаруашылығы саласында абыройлы қызмет атқарды. Еңбек майданында да ел құрметіне бөленіп, зейнетке шыққанға дейін туған жерінің дамуына үлес қосты.

1979 жылы өмірден озған ағамыздың артында өнегелі өмір жолы мен өшпес ерлік мұрасы қалды. Бүгінде оның ұрпақтары ағамыздың аманатын абыроймен жалғастырып келеді. Немерелері зейнет жасына жетіп, ел ағасына айналса, шөберелері медицина, заң, педагогика, ауыл шаруашылығы және өзге де салаларда еңбек етіп жүр.

Ерниязов Иманғали ағамыздың ең үлкен арманы ұрпағының бейбіт заманда білім алып, бақытты ғұмыр кешуі еді. Сол арман орындалды деп сеніммен айта аламыз. Біз батыр ағамызды мақтан тұтамыз. Оның Отан үшін төккен қаны, ел үшін жасаған ерлігі ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Бейбіт өмір сыйлаған батыр бағамыздың алдында басымызды иеміз.

Ерлігі – елге мұра, ұрпаққа ұран.

Данияр ИМАНҒАЛИЕВ,
Қарауылтөбе ауылы,
Ақжайық ауданы



Мен – майдангердің

Қиулап қаздар қайтып барады. Тортөбел мінген қария артына бұрылып:

– Ақмешіт, атамекенім, мен оралмасам да, менің ұрпағым саған қайтып оралар, оған дейін аман бол, асыл бесігім! – деп күрсініп алды. – Кетпеске амал жоқ. Мал былай тұрсын, ұрпағымды түгел құртпақшы мына әзірейіл үкімет. Етің борша, арқаң жоса болғанға төзуге болар, буыны қатпаған шыбығыңды сындырғанды кім көтере алады? Құран кітапты қашып жүргенде, белден төмен түсіріп, қасиетін кетіретмін. Соналы көлінің қыр бетіне көміп кетейін. Тілекші болып жатсын. Хас шебердің қолынан шыққан атадан қалған күміс сандыққа, көз жауын алатын зергерлік бұйымдардың үстіне, кенепке мықтап оралған Құран кітапты салып, асықпай қақпағын жапты. Кісі бойы қазылған шұңқырдың түбіне жусан төсеп, тоқылған шимен сандықты орап, үстіне салды. Бетіне тағы да қалың қылып жусан жауып, бетін құрғақ құммен тегістеді, түйе сазбен нығыздап тапады. Үстіне шым төсеп, елеусіз қылып тас қойды...

Болашақты болжап айту Алланың хош иісінен жаралған әулиенің қолынан ғана келеді. Өткенді еске алып айту естінің қолынан келеді. Айтылмаса, сөздің атасы өледі. Қандарында қыранның қайсарлығы мен тұлпардың демі бар, текті оғандардың фәниде тар жол, тайғақ кешкен өмірін тасқа басып жазса да, артық болмайды. Болаттан соғылған қылышты отқа салсаң, қайтып балқымайды. Батыр ұстаса, мамықтай салмағы болмай, қолының жалғасындай бітісіп кетеді. Жаратылысы бөлек адамның тәні жүдесе де, жаны жүдемейді. Тағдыр сынағынан сүрінбей өткен пенденің тілегін жаратушы қабыл етеді. Адам адамға кектеніп, қанша қатыгездік жасаса да, оның тағдырын өзгерте алмайды...

Күз. Ызғырық жел. Суық ауа кеуденді шаншиды. Маған қазір пана болып жүрген ой мен сай. Қырсыққанда қыр да көбейіп кетеді екен. Оның бәрін айналып өту керек. Даладағы қаңғыбас қаңбақ та артыманн ілесе домалап, қуғыншыдай зәремді алады. Мына бақырауық ешкі әбден мазамды кетірді. Ешкі біткенді түгел сойып, етін қақтап алу керек. Сиыр да жүрісі өнбейтін мал. Оның үстіне қимас бірдемесін жоғалтқандай ара-тұра мөңірей береді. Мұның бәрі артағы із кесушілерге айқын белгі.

«Әй, Төсбай, састым дейсің, артыма қарамай қаштым дейсің, құйрыққа қамшы бастым дейсің» деп қарғалар да төбемді айналып ұшып қарқылдайды. Сауысқандар да сумаң-сумаң етіп, өсекші әйелдей қалықтап, қасымыздан кетпейді. Жылқы айдап кеткен Еспол мен Мырзағұлдар енді Утва өзенінің бойына жеткен болар? Жылқы жігіттің пырағы екен ғой. Тұяғын созса, күндік жерді алты аттайды. «Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер» деп қайран аруағыңнан айналайын, ата-бабам, осының бәрін басынан өткізгесін айтқан екен.

Қыземшек тауының етегін басып орналасқан Қайыңды ауылының маңына барып, қызыл өрт секілді тілі жалаңдаған үкіметтің тепкісінен қашқан текті ұрпақ тебіндік тауып, біраз аялдайды. Туатай мен Тоқта, Шырдай руынан тараған ағайындар жат жұртты жатырқамай, ішгартып орталарына алады. Жылылық күткен адамға жымыған күлкінің өзі маздаған оттай сәуле шашады. Ол жақтың қысы ұзақ келеді екен. Көктемінде ұзын сарының сыбағасы болады екен. Ілінген малды садақа, қалған малды олжа дейді екен. «Топырақ бұйырған жерден, ырыс отырған жерден» дегендей дәм-тұзың таусылып тұрса, ешқайда қашып құтыла алмайсың. Төсбайға осы жердің құнарлы топырағын көрпе қылып жабуға нәсіп еткен екен. Қайыңдының терегі тербеліп, асыл ерді құшағына алды. Тоқтаусыз уақыт бір керуеншісін түйесінен түсіріп, өзі тағы да ұзақ сапарға ойланбастан аттанды.

Қызыл үкіметтің маңында сепектеп жүрген ұзын құлақ қоян, көзі көргіш сона, тілі ұзын түлкі, қырынан шабатын көк жал қасқырлар көп еді. Қыстың қақаған суығында, борбайдан асқан қарды көрі аттың қан сорпасын шығарып келген жанашыр ағайын, бой жылытып алғаннан кейін, шам түбінде үлкендерге көзін бірде сығырайтып, біресе бақырайтып, демі таусыла сыбырлап, құпия әңгіме айтты. Таң атысымен суыт жүргіншіні төс қағыстыра құшақтасып, жолға шығарып салып тұрып, артынан бәрі бір адамдай беттерін сипады. Аяз өрнегін салған әйнекті ыстық демімен үріп, сығалап қарап тұрған баласын байқап қалған Мырзағұл демін ішіне тартып: «Жол-аман, жұбанышым, жолымызды аша гөр! Атыңнан айналайын, періштем!», – деп іштей өзімен-өзі сөйлесті. Алда тілін білмейтін, жирен

шашты, қазан басты, бойы бітік, жер бетінің орманын олжалап алған орыс ағайындардың жеріне аяқ басу керек еді...

Шешінген судан тайынбас дегендей, Павелдің айтуы бойынша, төменгі Новгород шаһарына жетсек, бізді қамқорлайтын оның досы бар көрінеді. Өзі нағыз жігіттің төресі. Бізге келгеннен бері өзінің байырғы туысын көргендей көмектесіп жүр. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде бір аяғынан ауыр жарақат алған. Одан кейін Нижний Новгородта Ригадан эвакуациямен аударылған қорғаныс қаруларын шығаратын «Фельзер» зауытында жұмыс істеген. Волга маңындағы бұлғырлармен көп араласып, Айқыз атты бұлғыр қызына үйленген. Мұсылман дәстүрін жақсы біледі. Қазір қарт анасын алып кетуге келген екен. Ауыр науқасы бар ана: – Мені жолыңа жүк қылмай, осы елге тастап кет, – дейді. Кім анасын далаға тастасын? Жөні болар, жазылар деп әліптің артын бағып жүрген жайы бар екен. Ақпан айының ақ боранында төсек тартып жатқан анасы мәңгілік сапарға кетті. Мырзағұл бастаған жігіттер қолда барын аямай бөлісіп, көмектерін берді. Павелге шын ниеттерімен көңіл айттып, ананы-мынаны сылтау етіп, қанға сіңген қазақ дәстүрінше жеті күн бойы жалғыз қалдырмай, қасында болды...

Еділдің бойындағы ен тоғайға, жағалай қоныстанған сансыз кент мен шаһарларды басып өтіп, Ока мен Волга аймалап өтіп жатқан мүйісте, қақпасын тарихында ешбір жау бұзып өтіп көрмеген, көне қала Нижний Новгородқа сегіз ай бойы аялдап жүрумен жетеді. Кезінде осы жердегі ерікті қара халықтан жасақталған қолымен староста Кузьма Минин мен князь Пожарский Мәскеуді поляктардан азат еткен. Сондықтан Ресей жұртына бұл өлке батырлығымен қатар табаны тайып көрмеген тұлпардай аса құнды қала болып есептеледі. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, еуропа босқындарымен бірге, түрлі зауыт фабрикалар да осы жерге көшірілген. Жастардың басым көпшілігі сол зауыттарда аула сыпырудан бастағанымен, кейбір зеректері слесарь, фрезеровщик, штамповщик кәсіптерін еш оқусыз, арнайы мамандардың қасында жүріп, үйреніп алатын. Павел де осы жолмен жүріп, станокта темірдің жүнін түтіп, жібін иретін маманға айналған.



Сансыз көп халықтың бір пайдасы әркім өз шаруасымен жүреді екен. Қол қусырып аспанға қарап тұрған адамды көрмейсің. Жарық күн аздай, кеңірдегін аспанға созған зауыттардың мұнарасынан шыққан түтін бурадай бұрқырап, зіл темір балғалары түнімен тарсылдап, тыныштық бермейді. Пашаның досы абырой болғанда, адуынды бастық болып шықты. 1932 жылы қала атауы өзгертіліп, Горький есімі берілген кез. Бұл «Ford Motor» авто алып компаниясымен бірлескен 1930 жылы бастаған құрылысын аяқтау мерзімі болатын. Аталмыш зауыт кейін Ресей автопром индустриясының алыбына айналады. Қазірдің өзінде, бұл зауыт, Еуразия құрлығы бойынша, сан түрлі нысыпты аутокөлік шығаратын алыптардың қатарында. Қырдан барған он сегіз отбасының барлығы да уақыт өте келе өздерінің қабілетіне қарай, кәсіп пен мамандықтарды еншілеп, қала халқының біріне айналып кетеді...

Адам жақсы нәрсені тез ұмытады. Көсіліп құс көрпеді жатса да қанағат тұтпай, аспандағы ақ бұлттарды жастаңғысы келеді. Хор қызындай сұлуды алса да, пері қызына қырындайды. Атағы жер жарып жұлдызы жанса да, сөнбес күн болсам деп армандайды. Әйтеуір не керек, қысқасы, Құдай болғысы келеді. Ал, қалт етпей, он сегіз мың ғаламның тіршілік әлемін билеп тұрған, тоқсан тоғыз көркем есімді, құдірегі айқын, мейірімді шексіз Жаратушымен кім теңесе алады?! Бақ қонып, байлыққа кенелген адам асылық айта бастаса, тозақтың зіл батпан ауыр қақпалары ыңырысып ашылады. Әр жұма сайын таланттың тас жарып бара жатса да, өзінің бастау алған қайнарын, ата-бабаңды есіңе ал. Құдайға құлшылық ет. Қазан көтеріп ас бермесең де, шелпек пісіріп дұға оқы. Жеті жылда құрбандыққа кемінде бір рет мал шалып, садақа бер. Жетілдім деп жүріп тұра жолдан адаспа. Әр адамның ойын күйзелтіп, жүрегін қысатын жан жарасы болады. Сонысын бетіне басып, терісін сыпырма. Сенің алдыңда не күтіп тұрғанын қайдан білесің?!



Ұрпағымын

Мамыражай тірлікті төбеден түскен жай оғындай Екінші дүниежүзілік соғыс мүлдем басқа жаққа өзгертіп жіберді. Қалқаны биік қауқарлы қалалар, бақайшағына дейін жаңа техникамен қаруланған жауынгер мен тұмсығы берік, сауыты болат, тасбақа танкілерге, әуеден шегірткедей самсаған самолеттерге, масадай ызындап, жердің миын ақтарып, шыңғырып түскен снаряд пен бомбаға, үстемелеп келген қосымша дүлей күшке тойтарыс бере алмай, бірінен соң бірі күйреп жатты. Қас-қағымда айраны ұйып отырған елдің тоз-тозы шығып, берекеті кетті...

«Отан-Ана шақырады!» ұранымен жасы жетіп тұрған жеткіншектер қолдарына қару алып, Отан қорғауға өз еріктерімен майданға аттанды. Соғыстың алғашқы кезінің тәсілі мен амалы көпшілік жағдайда өлгенше шегінбей соғысу, ауыр соққыны өзіне алу еді. Бүкіл полктен бір-екі рота ғана аман қалған кездер болды. Жоғарыдан келген бұйрыққа бағынышты командирлер өздіктерінен шешім шығара алмай, амалсыз взвод жауынгерлерін құрбандыққа шалуға мәжбүр болды. Өзегін өртеген өкінішті таза спиртпен шайып, түнде шошынып, айқайлап, команда беріп жатқан жас офицерлерді көргенде, еріксіз көзіңе жас тұнады. Кейбір рота түгелімен тұтқынға түсті. Жалпы төрт жылдың ішінде, бес миллионнан астам жауынгер тұтқынға болса, солардың бір миллионға жақыны ғана кері оралған екен. Жануардың өзі шақ шыдайтын жағдайдағы «Дулаг» пен «Шталаг» концлагеріндегі көріністер, бауырыңды езіп, жүрегінді қысады...

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ, Подольскіден Жоламан, ағасы Қажығали мен ағайын досы Жақия – үшеуі еріктілер қатарына тіркеліп, майданға аттанды. Бірден борандай бора-

ған соққы, жан алып, жан беріскен Мәскеу маңындағы әйгілі айқасқа түсті. Атқыштар батальонына түскен олар, бес адамға бір винтовка берілген взводта, бір-біріне ес бола жүріп, ұрыста ату шеберлігін ақырындап меңгере бастады...

Қабағы қатулы қақаған қаңтардың аязы сүйегіңнен өтіп, тас төбенді солқылдатады. Ұйқысыздық, аштық, ішінді бүріп, шегінді бұрайды. Қатқан қара кесек құрғақ нан, тамағыңнан өтпей, кептетіліп, түйіліп қала бересің. Су қатып қалған. Қар жалағаннан тамағың ісіп, дауысың зорға шығады. Етігінді шешіп, әлсін-әлсін табаныңды ысқылап алмасаң, үсіп кетуі мүмкін. Дивизия командирінің жоспары бойынша фашистерді дамылсыз ұрыспен мазасын кетіріп, аязыды пайдалана отырып, кері шегіндіру керек. Расында да, солай болды. Суыққа төзімсіз немістер қару ұстауға шамасы келмей, аяқ-қолдарына кескен шинель орап, кері қашты. Ұзын тұмсықты, табаны шынжыр төртпақ танкілер қалың қарда жүруге дәрменсіз болып шықты. Бауыры тіреліп, табаны зырылдап айналған танкілер жаяу әскерге оңай олжа. Кейбір отқа оранған танкілердің жанында жылынуға жиналып тұрған жауынгерлерді көресің. Өліммен арпалысып жүрсек те, кейде езуімізге еріксіз күлкі келіп, бір-бірімізге жымысып қоямыз. Кезекті шабуыл кезінде, Қажығали дзот ұясынан ажал оғын септірген пулемет оғынан қаза болды. Еңбектеп барып, құшақтап, еңкілдеп жылап алдым. Самай шашының бір талын қиып алып, шүберекке түйіп, қойын қалтама салдым. Аспанға қарап, қадалып қалған ойлы көзін алақаныммен сипап жауып, жүзін Құбылаға қаратып, бетіне ақ орамалымды жаптым. «Ақылшы аға, сенің ақ денен, ақ қарда қалса да, қара шашыңды туған жердің қара топырағына жеткіземін!» деп іштей өзіме серт бер-

дім. Бұдан кейін де, талай төбеден от тастар қардай жауған, қияңқы ұрыстар болды. Аузымен құс тістеген арыс азаматтар, белгісіз жерде ерлікпен қаза болып, бауырластар мәйітінде қалды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалсыз өлмейді» деген қазақтың сөзі рас екен. Волховтың қалың орманында аш қасқырдай қоршауда қалдық. Кейінгілермен байланыс үзілді. Жауынгерлердің азық-түлігі таусылып, жұмысшы жылқылардың көбі азыққа сойылды. Барлаушы самолет жасырын ұшып келіп, командирімізді алып кетпекші болды. Алайда адами қасиеті жоғары, ұрыс тәсілін жете меңгеріп, талай ұрыста құрсауы берік бекіністердің талқанын шығарған, өзінің шеберлігін жауға да мойындатқан атақты командир басын сауғалап қашқан жоқ. Ержүрек жауынгерлерінің ортасында қалды. Бір жағынан, өзінің жоспарын бірнеше мәрте хатпен жолдаған болатын. Бірақ жоғарыдан жауап болмады. Енді бәрі кеш. Біз үмітсіз қоршауда қалып, ит-құсқа жем болдық. Оқ дәрілер таусылды. Қалған ақырғы күшпен қоршаудан шығу дәлізін жасамақшы болдық. Әлсіреген арыстанды торға қамағандай тұтқынға түстік.

Ленинград қоршауын ту сыртынан бұзуға арналған «Любанск асуы» жоспары сәтсіздікке ұшырады. Қара жамылған Волховтың қара қазанында мыңдаған жауынгер шаһит болды. Аштықтан әлсіреген жауынгерлер суық аязға төзе алмай, үсіп кетті. Кеңес әскері адам айтса нанғысыз үлкен шығынға ұшырады. Сұңқардай сайыпқыран боздақтарды белгісіз орманның қомағай батпағы аяусыз жұтып алды. Емендер еңкілдеп езілгенде, қарағайлар қобыздай күңіреніп, есіл ерлерді жоқтады...

Эпилог

Төсбай немересі Жоламан Мырзағұлұлы 1993 жылы 9 мамыр Жеңіс күні 78 жасында дүниеден өтті. 14 жасында Қаратөбе елі, Соғалы көлінің жағасындағы ауылда тұратын атасы Төсбайды және аталастарын Кеңес үкіметі байдың тұқымы деп қудалағандықтан 1929-30 жылдары елден кетуге мәжбүр болады. Олармен он сегіз отбасы бірге шығып, біраз жерді басып өтіп, Горький қаласына орнығады. Олардың көпшілігі қаладағы машина жасау, қару шығару зауыты мен киім тігу фабрикаларында жұмыс істейді. Сол жақтан соғысқа аттанады. Екі жылдай тұтқынға болады. 1945-46 жылдары Мәскеуді қалпына келтіру жұмыстарына қатысады. 17 жылдан соң елге оралып, Қызылқұрт руының Әсіма есімді қызымен отбасын құрады. Отбасында 10 бала тәрбиелеп өсіреді. Ұзақ уақыт бойы кеңшардың ірі қара малын бағып, еліне қызмет жасайды. 1975 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады. Өзінің ерліктері туралы ешкімге тіс жарып

Сүйекті кеміретін уайым, ішті өртейтін өкініш, адамның ақыл-есін тұтқындап тастайды. Тұнық ой адамның құлағын бітеп, рахмани елестерге жеткізеді. Электр желісіне қосылған шамдай, көзіңнен от шығып, бойыңа жойқын қуат бітеді. Адам қаласа, жермен тартылыс күші жойылып, аспанға ұшып кете алады. Бұл Алладан аян беріліп, назары түскен ерекше құрметке ие болған әулиелерге тән. Ұлтқа ұстаз, Ұрпаққа ұран болған, Ел иесі, Жер киесі, Пір Бекет ата Хорезмдегі таң намазына ұшып баратын болған. Қатесін түсініп, тәубеге келген пендеге Жаратушы рақымшылық етеді... Жақия суық тиіп қатты науқастана бастады. Имансыз немістер жүруге келмейтін жауынгерлерді сол жерде жер жастандырды. Бүк түсіп жатқан Жақияны нұсқап, бір фриц бас бармағын төмен қаратты. Мен Жақияны иығыма салып көтеріп, бас бармағымды көтердім. Фриц: - О, жапан, вай ту гоу, су-му-рай, - деп тарқылдап күліп, мазасыз қылды. Мен үнсіз досымды көтеріп, алға жылжып жүре бердім. Осылайша Украина, Польша арқылы Францияға жеттік. Англияға алып келе жатқан кезіміз, таңда тұрсақ, айналамызда иттері арсылдап тұрған конвойлар жер жұтқандай жоқ. Өзімізбен өзіміз қалдық...

Қандай қиындық көрсек те, бір-бірімізге тіреу болдық. Жақсы жолдас - жаныңның шырақшысы. Ойыңды қандай қараңғылық басса да, дем беріп, рухыңды көтереді. Адам ешуақытта өмірден түңілмеуі керек. Қандай шарасыздық болса да, шыда, төз, ертеңгі күннен қайыр тілеп, үмітіңді өшірме. Ешуақытта туған жеріңді есіңнен шығарма. Сені күтіп, қорғап, тұратын тылсым күш - топырағыңның күдіреті...

1945-46 жылдары Мәскеу шаһарын қалпына келтіру жұмыстарына қатыстым. Орайы түсіп еліме оралу, менің басыма бұйырған бақыт екен. Он төрт жасымда атамның жанында кетіп бара жатып,

он жеті жыл бұрын бұрылып қарап, қимай кеткен ауылым, ойымнан кеткен жоқ. Елге жақындаған сайын, тулаған жүрек кеудемді жарып шығатындай тарсылдайды. Ондағы бұлқынған қан, атамның, әкемнің аманаты орындалғанына риза болып, тамырымды кернеп тұр. Киелі топыраққа тізерлеп отырып, маңдайымды жерге тигіздім. Көкейімнен сөз емес, жыр төгілді:

- Киелі жер, құт өлкем, Сенен асқан жоқ мекен.

Қамыс тарақ таранып,

Көлің жатыр ай көркем, - деп алдымнан еліктей еркелей шауып шыққан қарындасым Жәмиді ыстық құшағыма алып: - Армысың, Атажұртым, Атамекен! - деп бар даусыммен айқайладым... Менің айым оңымнан туып, Әсіма деген ару қызбен кездестім. Алланың қалауымен ұрпағымыз өрбіп, үш ұл, жеті қыз тәрбиелеп өсірдік. Кеңес үкіметінің еңбек майданында елеулі еңбек атқарып, түрлі медаль, марапаттарға ие болдым. Ең маңыздысы, қазақ елінің Тәуелсіздік алғанын өз көзіммен көріп, төбем көкке жетті. Кейінгі ұрпағыма айтарым: - Тәуелсіз елдің еркін ұланы, сен қыран құстың алтын қанатысың. Сенің тілеуіңді тілеп, қаншама бабаң тәубесін айтып, Жаратқанға жалбарынды. Сүйегі уағылып, тәні құраса да, тозақ отына жанып кеткен жоқ. Қайта тіріліп, жауына барыстай атылып, айбат шекті. Орақ пен балға аяусыз орып, төсте төмпештесе де, текті тұлпардың тұқымын жасыта алмады. Сілкініп аунап, серпіліп тұрды. Кеуденді керіп, еркін тыныста! Сенің тайың тұлпар болды! Арғымағыңды алшаң басқызып, орғытып шап!..

Қалдығайты өзенінің Көктеренінде сарайып өскен қамыстар шуылдап әуендете бастады. Қыр беттен бір үйір жылқы шұрқырап шауып өтті. Арасындағы құлын-тайлар ара тұра осықырынып, қос аяқтап көкке қарғиды. Қой қайырған қара бала даланы жаңғыртып әндетіп бара жатыр. Төмпедегі Қарамола ғана үнсіз мүлгіп тұр...





Алматыда ақын, Қазақстан Жазушылар және журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Халиолланың «Ағымнан ақтарылсам...» атты шығармашылық кеші өтті. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің залында Алматы ақсаған ақын мен ақынын сағынған оқырман жүздесті. «Қанатымнан бір қауырсын суыршы, Кірісейін дастанға!» – деп өзі жазғандай, қанатынан қауырсын суыршы жыр жазған Бауыржан шайырдың Алматы десе, көңілі алабөтен. Жастығы, айтыстағы алғашқы қадамдары мен алтын дәуірі, Есенқұл, Жүрсін көкелерінің күркіреп тұрған шақтары – бәрі-бәрі жылы естелік. Керемет кеш туралы көрермен қатарында отырған жыршы, фольклортанушы Берік Жүсіп жазған екен. Қош, әрі қарай Бекеңе сөз бердік.

Өз басым ақын атаулыны «пайғамбардың ізбасары» деуге бейілді, әсірелікке саятын ұшқарылау пікірге онша илана қоймайтын қазақтың бірімін. Неге, не үшін дейсіз бе? Айтайын, егер уәжімді өткі-

ған жаңа сипаттағы сөз иесіне жан баласы тең келіп, шендесе алмасы анық. Кеше ару Алматыда, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің концерт залында сондай тұрпат иесінің, ақын Бауыржан Халиолланың «Ағымнан ақтарылсам...» деген шығармашылық кеші өтті.



Ақ Жайық ағымнан ақтарылғанда...

зе алсам. Діни әрі дүнияуи ұғымдар бойынша бірі – жер бетінде теңдесі жоқ Жаратушы жалғыздың елшісі, ал екіншісі – адам санасының терең қатпарларында тұншыққан тұмшалы ойлардың емшісі. Қалай десең де екі айрық, қос тұйықта тұрған, біріне екіншісі жанаспайтын миссия-міндет арқалаған, бірікпейтін кеңістіктегі пенделер. Алайда алдында ет пен сүйектен жаралғандар тәк тұрып, ілгергісінің құдайтану қағидатына шексіз табынып, кейінгісінің адамтану табиғатына риясыз бағынып жүруді әдет етіп келе жатқан екеуінің де қарашыдан айырым ерекшелігі көп.

Солай дей тұра, қазақ «аттың белі, атанның қомы» дейтін дәуір-дәуірде қолына домбыра алып, елдің көз алдында жүріп, көңіл түкпіріндегі сөзін айтқан; кейін тұтас ұлт аттан түсіп, алып империя алдында амалсыз тізе бүккен кезде қолына қауырсын қалам ұстаған; келеңі келіспеген кеңестік кезеңде биліктің сойылын соғып, қолдан құйылған қасаң қалып пен саясаттан теперіш көріп, ұртын ащы сумен шылаған масаң күндерге тәуелді болған; тап бүгінгідей арзан-қол, ыстаяқ кезде «көңіл тапқыш, сөз саптағыш» болып алған кейбір, өзін ақын санайтын санат иелері арасында аспан мен жердей айырма бар. Ден қойсаң оның да аужайын көресің, әрине. Қоймасаң – бәрі бір өң! Осылардан мысқалдай ғана бірдеңе алып, өзін заманға сай жасандырып, болмысының иін қандырып, қайта қалыпта-

Айтатыны жоқ, айдарлы аты мазмұнды затына сай болды. Аймақ әкімінің өкілдері келіп, халыққа ілтипат жасауының өзі ақынға деген құрмет көрсету мен шашбау көтерудің жақсы үлгісін танытты. Сахнада өлең оқылды, Баукең: «Ендігі қалған ғұмырымда еліме тікемнен тік тұрып, қызмет етуге уәде етіп едім», – деп қазақы әңгіменің не бір көкаман түрін таңдап шертті. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің сүйемелімен кеш иесінің ауторлық әндері айтылды, күй тартылып, көңіл алаңсыз бір шалқып, тілмен жеткізіп болмайтын бір хәлге көтерілді. Бойында да, ойында да біраз нәрсе қордаланып-ақ қалған екен. Оның құрметі үшін жиналған ел-жұрт та сөйтіп, ішкі «ыдысын» бір босатты. Ақынның, шынымен де, Ақжайық болып ағынан ақтарылды. Төкті інжу-маржан жырдың не бір түрін, тегенемен төңкергендей етіп. Екі жарым сағатқа созылған қазақы кеш барысында ерекше әсерге бөленген көрермен еркін хәм риясыз отырды, сөйтіп арқайым тыныстап қайтты. Бір шетінде отырып біз де ми тынықтырып, сана сергіттік.

Жалпы біз қайраткерлік жайында ауыз ауырға беруге бейілміз. Шынын айтқанда, сол ерек сипат екі ақынның бірінің қолынан келер ме екен? Қайыңның қатты безіндей, қарағайға қарсы біткен иір бұтақтай алау мінездің жалынынан жұғатын сол қиын қасиеттің үдесінен екіншісінің шыға алуы мүмкін де емес. Науша күнінде тарғыл тағдырдың

төлкегінен белуардан бейнет кешкен бұл інімнің жанына жай таптырмаған «ерсілі-қарсылы ағыстар» осы санат төңірегінен табылудан басқа жол қалдырды ма? Оның үстіне, ат жалын тартып мінгенде «басын шұлғып жүйткіген жастық күрең»: балапан – басына, тұрымтай – тұсына деген заманға тап қылды. Сөйтіп, өзі «Он жеті жас» деген өлеңінде айтқандай, «балалық көкірегін ызғар соқты». Содан соң «қоңыр ойлары» одан бетер қоюлана түсті. Торыққан ақын «Баяны жоқ тіршілік, /Баяғы сол қалпында. /Тоты кеудем тұншығып, /Тор азабын тартуда» деп құсаланды. Сөйтіп, «жан бесігі тебіреніп» жүріп, «қиялдың құрсағында жетілді». Ақыры «бас-аяғы жоқ күзгі өлең» оның маңдайын тауға да, тасқа да ұрды.

Жиынның үстінде отырып Тәңіртаудың перзенті қайран Ерекеңнің – Еркін Ібітанов ағаның бір ғажап жырғында: «Кей бастың қалқасында, /Кей бастар таса қалған. /Кей бастың «арқасында»/Кей бастың шашы ағараған», – деген бір шумағы ойыма орала берді. Иә, тап сол уақытта талайлар көзден таса қалып, талайдың шашы ағарып жатқаны естілердің көз алдында шығар? Қарап отырсам, содан бері де көп өзгеріс қойған ештеңе жоқ сияқты, жабағы жабулы көп жайт әлі сол қалпында екен ғой. Ал менің Гаруда болмысты інім әлгі ұлы сүргіннің арасымен, жықпыл-жықпылмен жортып отырып, дәулердің қалқасында таса қалмай, бел шешіп күресе жүріп, әкім-



қаралардың интригасынан шашы ағармай аман шығып, ақыры алашқа белгілі болды. Айтпақшы, оның «Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты» атанғанына да көп бола қойған жоқ. Ол кеш барысында осыдан он бес жыл бұрын өзін «кебенек ішінде» танып, үстінен қарша борап жатқан арыздардың қаһарын елемей, жұрт «саяси сенімсіз» деп күстаналап жатқанда өзі сенгендіктен ерекше сенім артқан, сөйтіп қызмет сатыларында өрлеуіне себепші болып, жол ашып берген ереннің – Нұрлан Асқарұлы Ноғайевтың есімін ерекше атап өтті. Жамандықтың жайын екіншісі тілге тиек етіп жүрген заманда көрген жақсылығын ұмытпау да ерлікке пара-пар болып қалды емес пе? Жалпы Нүрекең – Нұрлан ағамыз қай кезде де ірі тураушы еді ғой, айналайын.

Қош, сонымен концертте ақын Бауыржан Халиолланың ауторлық әндері шырқалып, соны шығармалардың тұсауы кесілді. Шығармашылығы жайында кейін бір қайырып, көлемді мақала жазу да ойымда жүрген. Бір жағынан жазбағаным да жақсы болған екен деп тұжырымды осы кештің үстінде. Бұл жолы мен оның композиторлығына куә болдым. Жалпы шығармашылық үдеріс дегенің жүйелі жүргізілетін эксперимент-тәжірибелердің жиыны ғой. Әрине, пенденің ойын тербеп, жанын жегідей жеп, ән-өлең болып өрілетін барлық туындыны бірдей шедевр – асыл деуге болмайды. Бастысы: мен Бауыржандық қолтаңба мен оның әндеріндегі сан алуан жанр – Орталық-Батыс еуропа арқылы орыс мәдениетіне өтіп, қазаққа сіңісті болған лири-

калы қосақ биге негізделген тұрмыстық музыкалық жанрдағы вальс, түп негізі әскери патриоттық әуендерден шығатын нақты ырғақты марш, екіншісі бірінің айтуына қолайлы аула-көше әндері мен дәстүрлі негіз, ұлттық нақыштағы сал Мұхит шығармаларының ұлы рухымен ұштасқан өрелі әндердің галереясын көрдім.

Сол қатардың көріктісі – «Түнгі элегия» әнінің атауы да, табиғаты да бөлек екен. Бұл өзі биік шыңның басында тұрып мұңайған шығарма. Жалпы әннің шыңға шығып мұңаюының өзі сирек құбылыс. Стилі өзгеше әуеннің соңғы – төртінші жолының ақырғы бунағы қайырма болып күрмелетін шағын саз сырты өрнекке емес, ішкі тебіреніске толы екен. Сахна төрінде домбырамен, заманауи ырғақта айтылған екі әнді («Шерлі шағала», «Досыма хат») Батыс Қазақстан өңірінің дәстүрлі қағысына түсіріп шырқаса, сөз жоқ Мұхиттың әншілік дәстүрі негізінде дамыған Ғарифолла мектебі ішіндегі қос туындының бақ жұлдызы басқаша жанғалы тұр екен. Туындыларының дәстүрлі халық әндері сияқты естілуінің өзі – оның тамырына байланған ерекшеліктің бірі. Ал «Жымпиты» туған жерге деген сағыныштың сом үлгісі болып төгіле қалыпты. Тіпті ауданның әнұраны болуға сұранып тұр. Өйткені вальс ырғағы қашанда көптің қосылып айтуына қолайлы. «Жүрек сөзі» де бір тыңдағанда көңіл күйдің мұңлы өрнегі болып көрінгенімен, жылауық лириканың қатарынан емес. Үнемі ізденіс үстінде жүрудің нәтижесі осылай болса керек.

Сонымен, бұл сапар Алматыға келіп, ағынан ақтарылған ақынның өзіне не берді? Сахна төрінде айтылған сырлы сөздерінің арасында «Ақселеу айттышты» деп елге езу тартқызығанындай: «Аса жынды болмаса әркім өз шамасын біледі ғой». Егер ол ақылды «жындылардың» қатарынан болса, әрине. Бауыржан інімнің бұл астарлы тәмсіліне мен іштей жылы жымидым әрі риза болдым. Толдым деген мен-меннің емес, өсуден үміттінің сөзін айтып тұрса, қалай қуанбайсың? Мәнінше, оның басты олжасы – осы, алдымен шарқын шамалап алу. Содан соң дүр сілкініп, шыңдағы шынарларға ұмтылып, қияға қол созса жараспай ма? Өйткені Құдай деген пенденің тағдыры өз қолында. Оның жайын басқа болмаса да, біздің Баукең жақсы біледі. Ақ Жайықтан ат арытып асқақ Алатауға келгені де сондықтан. Сөз жоқ, сапары сәтті күрмелді, кешегі күн соның дәлелі болып есте қалды.

Берік ЖҮСПОВ,
фольклортанушы,
Алматы қаласы



Сырымдық жасақ – слет жеңімпазы



Өткен аптада «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасағының облыстық слеті өтті. Слетті «Еуразия» туристік-сауықтыру кешенінде облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы ұйымдастырды. Оған аудандық және қалалық кезеңдердің жеңімпаздары, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысты.

Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА,
«Орал өңірі»

Облыстық слеттің мақсаты – экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау, балаларды қосымша біліммен қамту. Сонымен қоса туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасын зерттеуге тарту, білім алушылардың денсаулығын, адамгершілік және рухани тәрбиесін нығайту болды. Слетке Орал қаласының командалары мен 12 ауданнан, барлығы 138 адам қатысты. Қатысушылардың орташа жасы 12-16 жастағы білім алушылардан (2010-2014 ж. т.) құралды.

Слет бес бағыт бойынша өтті. Олар – «Спорттық бағдарлау» мен «Туристік кедергілер жолағы» қашықтықтары, «Туристік әндер», «Менің кіші Отаным» балалар туризмі туралы үздік бейнеролик және «Ең үздік экспедициялық жоба» байқаулары. Облыстық слеттің жеңімпаз-жүлдегерлерінен жасақталған Батыс Қазақстан облысының құрама командасы республикалық слетке қатысады. Республикалық слет алдағы қыркүйек айында Павлодар облысының орталығында өтпек.

Облыстық слетте «Туристік әндер байқауы» аталымы бойынша Мансұр Олжағали (Қаратөбе ауданы) I орын, Айсәуле Талғатқызы (Қазталов ауданы) II орын, Бақнұр Жанболатова (Сырым ауданы) III орынды иеленді. «Менің кіші Отаным» аталымымен Саят Сәбитов (Сырым ауданы) I орын, Нұрдана Хайрат (Қазталов ауданы) II орын алса, Сезім Сағидоллақызы (Бөкей ордасы ауданы) III орынды қанағат тұтты. Сонымен қатар «Ең үздік экспедициялық жоба» аталымымен Айдын Тельман (Ақжайық ауданы) I орын, Дәулет

Мақсот (Қазталов ауданы) II орын, Айхан Куаныш (Сырым ауданы) III орынға лайық деп танылды.

«Туристік кедергілер жолағы» қашықтығы бойынша Ақжайық ауданының оқушылары I орын, Қаратөбе ауданы II орын, Бөрлі ауданы III орынды иеленді. «Спорттық бағдарлау» аталымынан (қыздар тобы) Айлана Қанатқызы (Бәйтерек ауданы) I орын, Айнаш Құттыбай (Ақжайық ауданы) II орын, Әдемі Сағиданова (Шыңғырлау ауданы) III орынды місе тұтты. Аталмыш аталымнан (ұлдар бойынша) Наиль Стабаев (Бәйтерек ауданы) I орын, Әрсен Ермұқанов (Теректі ауданы) II орын, Сұлтанбек Тасмұқанов (Тасқала ауданы) III орынның биігінен көрінді. Жалпыкомандалық есепте 1-орынды Сырым ауданының, 2-орынды Ақжайық, 3-орынды Қаратөбе ауданының командалары жеңіп алды.



Кино әлеміне бір қадам

«Қазақстан балалары шексіз әлемде» атты балалар киносының республикалық фестивалінің облыстық кезеңі қашықтан өткізілді.

Бұл байқау өңіріміздегі дарынды оқушыларға өз қабілеттерін көрсетуге үлкен мүмкіндік береді. Аталған фестивальге Ақсуат негізгі мектебінің 6-сынып оқушысы Арман Ринатұлы бақ сынады.

Фестивальдің басты мақсаты – балалар кинематографиясын қолдау және насихаттау, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін анықтап, дамыту, олардың өзін-өзі көрсетуіне қолайлы жағдай жасау.

Арман Ринатұлы «Үздік ғылыми-көркем фильм» аталымы бойынша республикалық кезеңге жолдама алды. Кішкентайынан атқа мініп, қазақы болмысты терең түсініп өскен ол ауыл баласының бейнесін сомдады. Оның өнерге деген қызығушылығы мен талпынысы ерекше, ал шығармашылыққа деген құштарлығы байқау барысында анық көрінді.

Мектеп директоры Ұлболсын Бахитова өз пікірінде: «Арман – білім ордасындағы болашағынан үлкен үміт күттіретін оқушылардың бірі. Ол ұлттық құндылықтарды дәріптеген ортада тәрбиеленіп келеді. Оның бойындағы табандылық пен өнерге деген сүйіспеншілік – үлкен жетістіктердің бастауы. Жетекшісі Айдана Алмағамбетова да оқушының қабілетін дұрыс бағытта дамытып, байқау талаптарына сай тыңғылықты дайындық жүргізгені байқалады. Осындай шәкірттеріміздің жетістігі – біздің ортақ мақтанышымыз», – деп атап өтті. Сондай-ақ мектеп басшысы байқау ережесіне сай қатысушыларға жауапкершілікпен қарау, әрбір баланың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беру маңызды екенін жеткізіп, Арманға алдағы уақытта да сәттілік тіледі.

Осындай байқаулар жас таланттардың қанатын қатайтып, олардың үлкен өнер жолына қадам басуына себепкер болатыны сөзсіз.

Светлана БӘЙТЕНОВА,
Шыңғырлау ауданы

Ой қорытқан ойын

№4 Ақсай қалалық кітапханада «Татулық – елге тұғыр» атты танымдық-информ-дайд-жест ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – еліміздегі көпұлттылықтың маңызын насихаттау, жас оқырмандарға достық, бірлік және өзара сыйластық құндылықтарын түсіндіру.



Осы кездесуде кітапханашылар оқырмандармен еркін сипатта сұрақ-жауап ұйымдастырып, бірлік пен татулық тақырыбында ой қозғады. Қатысушылар еліміздің басты байлығы – халықтар достығы екенін атап өтіп, Қазақстандағы бейбіт өмірдің маңызын айтты.

Іс-шара барысында викториналық сұрақтар қойылып, оқушылар Қазақстан халқының бірлігі күні, еліміздегі ұлттар саны және татулық ұғымы туралы білімін ортаға салды. Сонымен қатар ұлттық тағамдар мен киім үлгілері арқылы түрлі халықтың мәдениетін таныстырып, қызықты, танымдық ойын ұйымдастырды.

Кездесудің шығармашылық бөлімінде қатысушылар «Біз біргеміз!»

тақырыбында плакаттар жасап, өз жұмыстарын қорғады. Олар бірлік, достық және бейбітшілік ұғымдарын түрлі бейне арқылы жеткізді.

Іс-шара соңында қатысушылар өз әсерімен бөлісіп, бүгінгі кездесуден жаңа білім, жақсы көңіл күй және татулық туралы терең түсінік алғанын айтты. Қорытындылай келе, №4 қалалық кітапханада өткен бұл іс-шара жас ұрпақтың бойында ел бірлігі мен татулық құндылықтарын нығайтуға бағытталған мазмұнды кездесу болды.

Жанар НИЯРОВА,
№4 қалалық кітапхананың
кітапханашысы,
Бөрлі ауданы



Ұрпақ ұмытпайды

Сырым ауданындағы Ж. Досмұхамедов атындағы мектеп бөбекжай-балабақша кешенінде Ұлы Жеңіске 81 жыл толуына орай «Ұрпаққа аманат» атты кездесу кеші өтті.

«Жас сарбаз» үйірмесінің жетекшісі, алғашқы әскери дайындық және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы Т. Исатаев мұрындық болған кездесуге қос майдангердің ұрпағы, ардагер ұстаз Дариға Қонақбаева келді.

Жиын барысында оқушыларға Ұлы Отан соғысы туралы бейнефильм көрсетіліп,

Жеңістің оңай жолмен келмегені кеңінен түсіндірілді. Сондай-ақ сол кезеңде халықтың «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» ұранымен аянбай еңбек еткені туралы айтылды.

Кеш барысында аудандық демалыс орталығының әншісі Алмагүл Қожамжарқызы «Ана туралы баллада» және «Әлия» әндерін орындап, жиынның әсерін арттыра түсті. Соғыс жылдарындағы аналар мұңы мен сарбаздар ерлігі арқау болған ән көрермендердің жүрегіне ерекше әсер қалдырды.

Аталар ерлігіне тағзым етуге



арналған кеш «Жеңіс күні – бейбіт өмірдің қадірін ұғындыратын, өткенге тағзым етіп, болашаққа сеніммен қа-

рауға үндейтін қасиетті күн. Сондықтан жас ұрпақ тарихты біліп, елін, жерін қорғаған батырлардың ерлігін құрмет-

теуі тиіс» деген ой-пікірмен түйінделді.

Мүсірбек ӘЛБЕКҰЛЫ,
Сырым ауданы

Бөкей колледжінің бағындырар белесі мол

Бүгінде аудандардағы оқу ордаларының техникалық әлеуеті жаңарып, студенттер оқу үдерісі кезінде мол мүмкіншілікке ие болуда. Мәселен, былтыр облыс және аудан әкімдіктерінің қолдауымен Бөкей ордасы колледжіне құны 110 млн теңге болатын ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынған.

Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»
Бөкей ордасы ауданы

Аудан орталығы Сайқын ауылында орналасқан аталмыш колледж студенттерге түрлі бағытта білім береді. Оның ішінде есептеу техникасы және ақпараттық желілер, ауыл шаруашылығын механикалаандыру, маркетинг, тамақтандыруды ұйымдастыру, құрылыс және дәнекерлеу ісі секілді сұранысқа ие мамандықтар бар. Колледжде оқитын студенттердің білім деңгейі 97% болса, түлектердің жұмысқа орналасуы – 98%. Оқу ордасының жоғары нәтижелері жөнінде колледж директорының өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Сайран Алтаяқов **(суретте)** әңгімелеп берді.



– Аудан жұртшылығының дені ауыл шаруашылығымен айналысады. Қожалық ашып, шаруа жайын дөңгелетіп отырғандар көп. Қазіргі таңда қоғамда жұмысшы мамандықтарға деген сұраныс артып келеді. Оқу жылы аяқталар тұста шаруашылық иелері бізге хабарласып, түлектерге жұмыс ұсынып, маман тапшылығы турасында айттып жатады. Біздің колледжде көршілес аудандар мен Атырау қаласынан, сондай-ақ РФ-дан келіп оқып жатқан студенттері бар. 31 орынға лайықтап жасақталған колледж ғимараты іргесіндегі жатақханада ауылдар мен алыс ай-

мақтан келген 15 студент тұрады.

Студенттерге сапалы білім беру – біздің басты ұстанымымыз. 2024 жылы республикалық «WorldSkills» байқауынан бітіруші студентіміз Елдос Мұқанов жүлделі екінші орынға ие болды. Колледж түлегі қазір өзінің туған ауылында шаруашылыққа жетекшілік етіп, кәсіп өрісін кеңейтіп отыр. Бүгінде Бөкей ордасы колледжінде 137 студент бар. Оларға 24 оқытушы сабақ берсе, оның сегізі – өндірістік оқыту шебері. 2025 жылы колледж базасы қазіргі замануи тың технологиялармен толықты. «Мал азықтық дақылдарды өсіру және агротехникалық қызметтер көрсету бойынша оқу-өндірістік полигон құру» жобасы аясында трактор, комбайн, пресс-жинағыш, тісті тырма, жаңбырлатқыш қондырғы мен тұқым сепкіш сатып алынды. Осының нәтижесінде студенттер машық кезінде аграрлы саланы жан-жақты меңгеруде. Студенттер ауылдағы шаруашылықтарда бірнеше ай машықтан өтіп, малды баптап-өсірудің, егінді алқаптарға тыңайтқыш сеуіп, оны күтіп ұстауды үйренеді. Тәжірибе жүзінде алған білімдерін шынайы өмірде

қолданып, іс жүзінде шыңдала түседі, – деді директор орынбасары С. Алтаяқов.

Колледж базасына қосылған тың техникалар арқылы алдағы уақытта жаңа жобаларды жүзеге асыру көзделуде. Шаруалардың меншігіндегі жер учаскелерін жыртып, тұқым сеуіп, оның өнімін орып алу секілді ақылы қызметтер ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Осының нәтижесінде студенттер машықтан құр өтіп қана қоймай, қосымша қаржы таба алады. Бұл жұмыстың басы-қасында жетекшілері, яғни өндірістік оқыту шеберлері болады. Колледждің аға шебері, арнайы пән оқытушысы Талғат Тұралиев аграрлы саланың мамандары ауданға аса қажет екенін тілге тиек етті. Мұндағы халықтың күнкөрісі тікелей малмен байланысты болғасын, шаруа жұмысын ширатар жастардың жан-жақты білімді болғаны ләзім.

– Ауылымызда жыл санап мал басы көбейіп келеді. Бірнеше жыл ілгеріде түлік азығының тапшылығы ел-жұртты біраз әбігерге салып, алаңдатқаны да жасырын емес. Ауданға қарасты Бисен ауылындағы жерлерді құм басып барады. Егер заманауи

технологиямен егіс алқаптарына тыңайтқыш сеуіп, күтім жасамасақ, жыл өткен сайын топырақ құнарлығы да төмендей береді. Бұған қыс кезінде қардың аз мөлшерде түсуі мен жаңбырдың аймаққа аз жаууын және қосыңыз. Осыдан соң аудан мал азығын жинауда біраз қиындыққа тап болады. Біздің ендігі мақсатымыз – тың технология көмегімен студенттерге егістік жерлерді оңтайлы пайдалануды үйрету. Бұрын білім алушы тракторды жүргізумен шектелсе, қазір онымен жер жыртады, тұқым себеді, шөп орады, егіс алқабын суландыру тәсілдерін үйренеді.



Білікті маман даярлап, оған өз жұмысының маңыздылығын ұғындыру керек, – деді аға шебер **(суретте)**.

Бүгінде Бөкей ордасы колледжінің 20 жылдан астам тарихы бар. Ауыл шаруашылығына қатысты «WorldSkills» байқауының өңірлік кезеңі осы колледжде ұйымдастырылып келеді. Осы арқылы студенттер бір-бірімен тәжірибе алмасып, шыңдалады. Заманауи техникалық база білім алушыларға өндірістік дағдыларды меңгеруге мол мүмкіндік берері даусыз. Бұл олардың болашақта еңбек нарығында өз орнын табуына және өңірдің дамуына үлес қосып, Бөкей даласын көркейтуге жол ашпақ.



Жұмыстан босату тәртібі:



заңбұзушылықтар мен даулы жағдайлар

Еңбек қатынастары саласында жұмыстан босату тәртібінің сақталуы – қызметкерлердің құқықтарын қорғаудың негізгі кепілдіктерінің бірі. Еліміздің еңбек заңнамасы еңбек шартын тоқтатудың нақты негіздері мен рәсімдерін айқындайды. Соған қарамастан, тәжірибеде осы талаптардың бұзылуына байланысты даулы жағдайлар жиі туындайды.

Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын тоқтату тек заңда көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады. Атап айтқанда, тараптардың келісімімен, қызметкердің немесе жұмыс берушінің бастамасы бойынша және заңда белгіленген өзге де жағдайларда еңбек қатынастары тоқтатылуы мүмкін. Әрбір негіз бойынша нақты рәсімдер сақталуы тиіс. Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу – ең жауапты әрі тәуекелі жоғары рәсімдердің бірі. Бұл ретте жұмыс беруші қызметкердің кінәсін дәлелдейтін құжаттарды жинақтауға, ішкі актілерді рәсімдеуге тиіс. Сонымен қатар түсініктеме алуға және тиісті тәртіптік шараларды заң талаптарына сәйкес қолдануға міндетті. Аталған рәсімдердің сақталмауы жұмыстан босату туралы шешімнің заңсыз деп танылуына алып келуі мүмкін.

Практикада жиі кездесетін заңбұзушылықтардың бірі – қызметкерді жеткілікті негізсіз немесе дәлелдемелерсіз жұмыстан босату. Кейбір жағдайларда жұмыс берушілер қызметкердің құқықбұзушылығын құжат жүзінде растамай, еңбек шартын тоқтатады. Мұндай әрекеттер еңбек заңнамасының талаптарына қайшы келеді.

Штат санының қысқаруына немесе ұйымның қайта құрылуына байланысты жұмыстан босату кезінде заңда белгіленген рәсімдер сақталуы тиіс. Қызметкерді жұмыстан босату туралы алдын ала хабардар ету, басқа бос жұмыс орындарын ұсыну, әлеуметтік кепілдіктерді сақтау – жұмыс берушінің міндеті. Бұл талаптардың орындалмауы еңбек дауларына себеп болады.

Ескерту мерзімдерінің сақталмауы да маңызды мәселе. Еңбек заңнамасына сәйкес белгілі бір негіздер бойынша еңбек шартын бұзу кезінде қызметкерге алдын ала хабарлама берілуі тиіс. Мұндай талаптардың сақталмауы жұмыстан босатудың заңдылығына күмән келтіреді. Еңбек шарты тоқтатылған

кезде жұмыс берушіден жұмысшыға тиесілі сомаларды төлеу ол тоқтатылғаннан кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі. Яғни қызметкерге тиесілі жақы, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы және өзге де төлемдер толық көлемде төленуі қажет. Сонымен қатар жұмыс беруші қызметкерге еңбек қызметін растайтын құжаттарды уақтылы беруге міндетті. Бұл талаптардың бұзылуы жұмыс берушінің жауапкершілігіне әкеп соғады.

Еңбек дауларының едәуір бөлігі дәл осы жұмыстан босату мәселелеріне байланысты туындайтынын атап өткен жөн. Қызметкерлер өз құқықтарын қорғау үшін уәкілетті мемлекеттік құрылымдарға жүгінуге немесе сот тәртібімен дауды шешуге құқылы. Ал жұмыс берушілердің заң талаптарын сақтамауы әкімшілік жауапкершілікке және қосымша қаржылық шығындарға алып келуі ықтимал.

Осыған байланысты жұмыс берушілерге еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтау, барлық рәсімді тиісті түрде құжаттандыру және кадрлық жұмысты заң аясында жүргізу ұсынылады. Ал қызметкерлер өз құқықтары мен міндеттерін біліп, заңсыз әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

Қорытындылай келсек, жұмыстан босату тәртібінің заң талаптарына сай жүзеге асырылуы – еңбек қатынастарының тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды фактор. Заңдылықты сақтау арқылы ғана жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы сенімді әрі әділ еңбек қатынастары қалыптасады.

Еркін Хайруллин,
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті
БҚО бойынша департаменті еңбек қатынастарын бақылау
бөлімінің бас маманы-мемлекеттік еңбек инспекторы

Еске алу



Сырым ауданындағы Шағырлыой ауылының тұрғыны болған, кітапханада қызмет еткен жаны жайсаң құрбымыз, досымыз, кластасымыз **Ақсұлу Хамидоллақызы Арыстанғалиеваны** өмірден өткеніне бес жыл болуына орай, сағынышпен еске аламыз. Марқұм, жан досымыздың жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

Жетегінде жүргенде
бала үміттің,
Дәуренін бір кешірдік
балалықтың.
Ақсұлу құрбы сенен
айырылғанға,
Бес жыл да өте шықты,
жаңарып күн.

Шырайлы жүзіңнің
жылы кереметі,
Естелік боп жүректі бөлеп еді.
Елеулі еңбек етіп, ізі қалған,
Жоқтап тұр сені кітап сөрелері.

Ойнадық, күлдік бірге
құлын болдық,
Көңілдің бәйшешектей
бүрін жардық.
Жүректің төріндегі
орының бар,
Жаның пейіштік болсын,
нұрың шалқып!

Еске алушылар:
Абай орта мектебінде бірге
оқыған кластастары

«ECSAD» ЖШС КЕЛЕСІ ЖОБАЛАР БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС ТҮРІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕДІ:

1) 16.06.2026 ж. сағ. 11.00 «Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі аумағында құрамында мұнай бар қалдықтарды биологиялық ремедиация (БР) әдісімен залалсыздандыруға арналған уақытша алаңдар жобасына жасалған қоршаған ортаға ықтимал әсер ету туралы есебі» (ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 274 455 7911, қол жеткізу коды: 0000.)

(<https://us06web.zoom.us/j/2744557911?pwd=bGZlNkZlZ2I5dz09&omn=85965426065>)

2) 16.06.2026 ж. сағ. 15.00 «ECSAD» ЖШС үшін қоршаған ортаға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, «ECSAD» ЖШС үшін өндірістік

экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, «ECSAD» ЖШС үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы, «ECSAD» ЖШС үшін қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, «Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі аумағында құрамында мұнай бар қалдықтарды биологиялық ремедиация (БР) әдісімен залалсыздандыруға арналған уақытша алаңдар жобасына жасалған қоршаған ортаны қорғау бөлімі (түзету).

(ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 274 455 7911, қол жеткізу коды: 0000.)

(<https://us06web.zoom.us/j/2744557911?pwd=bGZlNkZlZ2I5dz09&omn=88214946167>)

Әсер ету аймағы: БҚО, Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі, Тайпақ ауылы.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін орны: БҚО, Ақжайық ауданы Тайпақ а/о, Тайпақ а., Мәдениет үйі, Х.Чурин көш., 26.

Географиялық координаттары: 1.CE 49.052306; ШБ 51.766986, 2.CE 49.052093; ШБ 51.772424, 3.CE 49.047651; ШБ 51.771998, 4.CE 49.047808; ШБ 51.766618.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ECSAD» ЖШС, БСН 070440008254, заңды мекенжайы: Қарағанды қаласы, Бұқар жырау даңғылы, 86/5, 18; эл. пошта: info@ecsad.kz; тел.: 87777444459.

Жобаны әзірлеуші: «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN» ЖШС-ы, мекенжайы: БҚО, Орал қ., Кемеңгер көш., 1, БСН:

080140004515, e-mail: info@enbek.com.kz, тел.: 8-(7112) 54-97-57.

Қоғамдық тыңдау материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zherpaidalanuylang=ru>.

Қосымша ақпаратты мына электронды пошта арқылы алуға болады: info@enbek.com.kz, Орал қ., Кемеңгер көш., 1, телефон: 8(7112)54-96-88. Барлық ескерту және ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz сайтына немесе БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының zko_forest@bko.gov.kz электронды поштасына қабылданады.

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ49ВР00070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14. Бас редактор 51-25-80. Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08. Жауапты хатшы 54-38-22. Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09. Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады. А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2. Телефон: 8 (7132) 400-400, 8 (7132) 545-545. Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9190 4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА, А. ШОҢЫРАЕВА
Кезекші редактор: Я. РАБАЕВА



Жуырда мектеп оқушылары арасында «Бағдаршам-2026» атты жас жол инспекторларының облыстық байқауы өтті. Екі күнге созылған жарыста жасөспірімдер жол ережелері туралы білімдерін ортаға салды.



Жас инспекторлар сапта

Алдымен төртінші мамыр күні шаһардағы Жеңіс алаңында іс-шараның ашылуы ұйымдастырылды. Бұл жиынға облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Қадыржан Сағын, облыстық білім басқармасының басшысы Елдос Сафуллин және сала қызметкерлері мен әскерилер қатысты. Алаңда мемлекеттік Ту көтеріліп, Әнұран шырқалды. Облыстық және қалалық полиция батальондарының сақшылары жас жол қозғалысы инспекторларымен бірге сап түзеп, шеру жасады. Салтанатты іс-шарада сөз алған Қадыржан Ерсайынұлы облыстық деңгейде ұйымдастырылған байқаудың маңыздылығын айтты.

– Қазіргі таңда жолдағы қауіпсіздікті сақтау, оның алдын алу іс-шаралары жүзіліп жүргізілуде. Балалардың жол қауіпсіздігін сақтау – қоғамның маңызды міндеті. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін балаларға ерте жастан бастап жолда жүру ережелерін үйрету қажет. Ата-аналар мен мұғалімдер олардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөліп, жолдан өту, бағдаршам белгілерін тану сияқты дағдыларды қалыптастырғаны жөн. Облыстық білім басқармасының ұйытқы болуымен «Бағдаршам-2026» жас жол инспекторларының

байқауы өтуде. Облыстық деңгейде шымдылығын түрген осы жарысқа аудан мектептері де белсене қатысуда. Балалар қала көшелеріндегі жол белгілерін көзбен көріп, жолда жүру ережелерін тәжірибе жүзінде меңгеруде. Бұл іс-шара олардың жолдағы жауапкершілігін арттырып, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Балалардың қауіпсіздігі – баршамызға ортақ іс, – деді Қ. Сағын.

Облыстық білім басқармасының басшысы Елдос Сафуллин өңірдегі білім ұяларында балаларға патриоттық тәрбие беретін «Жас сақшы» сыныптары ашылып жатқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған осындай жарыстар жас жеткіншектердің әскери өмірге қызығушылығын оятатынын жеткізді.

Екі күнге созылған байқау кезінде қатысушылар түрлі кезеңнен өтті. Байқаудың алғашқы күні қатысушылар «Жас санитар» байқауында бақ сынады. Олар мұнда алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын көрсетті. «Аутоқалада велосипедті мәнерлеп жүргізу» кезеңінде де өз шеберліктерін танытты. Сонымен қатар «Жас реттеуші», «Жол қозғалысының белгілері» және «Эрудиттер турнирі» сайыстары ұйым-

дастырылып, оқушылардың білім деңгейі мен тапқырлығы бағаланды.

Жарыстың соңғы күні «Үгіт-насихат бригадаларының» өнер көрсетуімен қорытындыланды. Бұл кезеңде командалар жол қауіпсіздігін насихаттайтын шығармашылық қойылымдарын ұсынды. Қатысушылар сахналық қойылымдар арқылы жол белгілеріне мән бермей, құлаққап пен смартфонға алаңдаудың салдарынан жол-көлік оқиғаларының жиілеп жатқанын әсерлі жеткізді. Сонымен қатар әлеуметтік желіде көп қаралым жинау үшін өз өмірін қауіпке тігетін жеткіншектердің қисынсыз әрекеттерін де бейнелеп көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Бәйтерек ауданының «Бауыржан ұландары» командасы иеленсе, II орын Жәнібек ауданының «Жас сақшы» командасына бұйырды. Ал III орынды Ақжайық ауданының «Жігер» командасы қанағат тұтты.

Байқау жеңімпазы атанған Бәйтерек ауданының «Бауыржан ұландары» командасы енді өңір намысын республикалық деңгейде қорғайды. Олар 2026 жылы 12-21 тамыз аралығында Қостанай облысында өтетін Ғазиз Байтасов атындағы XXI Республикалық жас жол инспекторлары слетіне қатысады.

Ата жұртын аңсаған Бүрлен бойжеткен

Жақында Атырау қаласынан Оралға Бүрлен Әділет есімді веложорықшы ару келді. Оны өңірдегі ел азаматтары қала іргесіндегі Желтау маңындағы «Орал» белгісінің жанында күтіп алды.



22 жастағы бойжеткен Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі Дөрбілжін ауданында дүниеге келген. Өзінің атамекені Қазақстанды аралауды көкөрім кезінен мақсат тұтқан. Осыдан екі жыл бұрын Қазақстанға велосипедпен алғаш сапар жасап, мыңдаған шақырымды 26 күнде еңсерген. Бүрлен бойжеткеннің ендігі мақсаты – бүгін Қазақстанды шайтанарбамен шарлап өту. Оның осы веложорығы сәуірдің 20-сы күні Маңғыстау өңірінде басталған. Бір қызығы, тас жолда жалғыз жортқан батыр қыздың батыс аймақта не туысы, не танысы жоқ. Қазақтың дархан даласын көруге асық қаракөзді ел-жұрт жарыса күтіп, сый-құрмет көрсетуде. Саяхатшы Бүрлен сапар барысында қонақжай жұртшылықтың кең пейілін сезініп, талай шаңырақтан дәм татып, құтты қонақ болғанын айтты. Веложорықшы әлеуметтік желіде сапары жөнінде ақпарат бөлісіп келеді. Жақында оның түз далада шырқаған еліміздің мемлекеттік Әнұраны желіде кеңінен таралып, көпшілік ықыласына бөленіп үлгерді. Саяхатшы сапарын қай қалаға бұрса да, сол аймақтағы ағайын

алдынан күтіп алып, өлке тарихы мен тылсым табиғатын таныстырады екен. Бүрленнің жүрегінде бұр атқан арманы да осы болса керек.

– Бүгінге дейін Қазақстанның түрлі өңірінде болдым. Орал қаласына алғаш келуім. Маған шаһардың табиғаты ерекше ұнады. Атырау мен Орал қалаларының қашықтығы 500 шақырымға жуық екен. Жол бойында сан түрлі қызықтарға тап болдым. Маған еліміздің әр аймағындағы салт-дәстүр ұстанымдары қызық. Ақ Жайық өлкесіндегі қыз ұзату, келін түсіру тойларын өз көзіммен көргім келеді. Осы ой-арманымды желіге жариялаған бойда Оралдағы оқырмандарым бірден тойға шақырды. Орал шәрінде екі күн аялдап Ақтөбеге, одан әрі Қызылорда қаласына қарай саяхатымды жалғастырамын. Алдағы үш айда елді толық жүріп өтсем деген ниетім бар, – деді веложорықшы.

Бүрлен бойжеткеннің жол бойында шабыты оянып, дәстүрлі әндерді шырқап келген. Жол бойында тағатсыздана күткен ақжайықтық ағайынға Нұрлан Өнербаевтың «Ауылым» әнін орындап, әсем әуезімен тамсандырды.



Бет материалдарын дайындаған Нұрым ҚАЙЫРБОЛАТҰЛЫ, «Орал өңірі»